EPSON®
EXCEED YOUR VISION

Пайдаланушы нұсқаулығы

Accent Lighting Laser Projector

EV-100
EV-105

Осы нұсқаулықта пайдаланылатын шартты белгілер

- **Қауіпсіздік көрсеткіштері**

Құжаттамада және проекторда проекторды қауіпсіз пайдалану жолын көрсету үшін графикалық таңбалар пайдаланылады. Белгілер мен олардың мағынасы төмендегідей. Нұсқаулықты оқымас бұрын оларды мұқият түсініп алыңыз.

⚠ **Ескерту**	Бұл таңба еленбеген жағдайда дұрыс емес пайдалануға байланысты жарақат алуға немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін ақпаратты көрсетеді.
⚠ **Абай болыңыз**	Бұл таңба еленбеген жағдайда дұрыс емес пайдалануға байланысты жарақат алуға немесе физикалық зақымдалуға әкелуі мүмкін екендігін көрсетеді.

- **Жалпы ақпарат көрсеткіштері**

Назар аударыңыз	Жеткілікті көңіл бөлінбесе, зақымға немесе жарақатқа әкелуі мүмкін процедураларды көрсетеді.
	Тақырыпқа байланысты пайдалы болуы мүмкін қосымша ақпарат пен нәрселерді көрсетеді.
☛	Тақырыпқа қатысты толық ақпаратты табуға болатын бетті көрсетеді.
▸▸	Осы таңбаның алдындағы асты сызылған сөздің немесе сөздердің түсіндірмесі терминдер глоссарийінде бар екенін көрсетеді. Қосымшаның "Глоссарий" бөлімін қараңыз. ☛ «Глоссарий» 177-б
[Атауы]	Қашықтан басқару пультіндегі түймелердің атауын көрсетеді. Мысалы: [Esc] түймесі
Мәзір атауы	Конфигурация мәзірінің элементтерін көрсетеді. Мысалы: **Image** ішінен **Brightness** тармағын таңдаңыз. **Image** - **Brightness**

Проекторды пайдаланудан бұрын келесі нұсқауды оқып шығыңыз.
☛ *Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар*

Орнату бойынша ескерту және сақтық шаралары

Проекторды қабырғаға орнату немесе оны төбеге ілу үшін берілген бекіткішті пайдаланыңыз.

Проекторды жарықтандыруға арналған ток өткізгіш шиналарға немесе оны еденге не үстелге орнату үшін қосымша бекіткіштер қажет.
☛ «Қосымша қосалқы құралдар тізімі» 168-б

Ескерту

- Дала, жуынатын бөлме, душ бөлмесі және т.с.с. су немесе жаңбыр, не жоғары ылғалдылыққа ұшырайтын жерде проекторды пайдаланбаңыз немесе орнатпаңыз. Әйтпесе ол өрт немесе ток соғуына әкелуі мүмкін.
- Проекторды төбеге ілу немесе қабырғаға бекіту кезінде арнайы орнату әдісін пайдалану қажет. Орнату дұрыс орындалмаса, проектор құлап түсуі мүмкін. Мұның нәтижесінде адамдар жарақат алуы не жазатайым оқиға орын алуы мүмкін. Кәсіби маманға хабарласыңыз.
- Бұрандалардың босап кетуіне жол бермеу үшін төбе бекіткішін бекіту нүктелеріне желім жақсаңыз немесе проекторға май жақсаңыз, проектор корпусы сынып, төбе бекіткішінен құлауы мүмкін. Бұл оқыс жағдай тудыруы мүмкін немесе бекіткіш астында тұрған адамды жарақаттауы мүмкін.
  Орнату бекіткішін реттеу кезінде, бұрандаларды босату үшін желімдерді, майлағыштарды, майларды немесе сол сияқты заттарды пайдаланбаңыз.
- Егер бұрандалардың босап кетуіне жол бермеу үшін желім жақсаңыз немесе топсалы қосылыстарға майлағыштар, майлар немесе сол сияқты заттарды қолдансаңыз, кескінді проекциялау құрылғысын ұстап тұру күші азаяды, бұл оқыс жағдай тудыруы немесе жарақат алуға себеп болуы мүмкін.
- Проекторды жоғары орынға орнатқан кезде, жер сілкінісі сияқты төтенше жағдайларда құлап кетіп, жарақаттамауы үшін оны сымдармен бекітіңіз. Дұрыс орнатылмаса, құлап, зақым келтіруі және жарақаттауы мүмкін.
- Проектордың ауа кіріс саңылауы немесе ауа шығару саңылауы жаппаңыз. Саңылаулардың біреуі жабылса, ішкі температура көтеріліп, өрт туындауы мүмкін.
- Объективтің алдына тұтанғыш заттарды қоймаңыз. Егер проектордағы жоспарлау функциясын автоматты түрде іске қоссаңыз, объективтің алдына қойылған тұтанғыш зат өрт шығуына себеп болуы мүмкін.

Ескерту

- Кескінді проекциялау құрылғысының бағытын реттеу кезінде, проекцияланған жарық проектордың қуат беру блогына түсіп тұрмағанына көз жеткізіңіз. Проекцияланған жарық проекторға түсетін болса, ол жарақат алуға немесе өрттің шығуына себеп болатындай ыстық болып кетуі мүмкін.
- Қуат сымын және басқа байланыс кабельдерін бірге байламаңыз. Әйтпесе өртке әкелуі мүмкін.
- Тек көрсетілген қуат кернеуін пайдаланыңыз. Әйтпесе ол өрт немесе ток соғуына әкелуі мүмкін.
- Қуат сымын пайдаланған кезде абай болыңыз. Әйтпесе ол өрт немесе ток соғуына әкелуі мүмкін. Қуат сымын пайдаланған кезде, келесілерді ескеріңіз:
  - Бір электр розеткасына бірнеше қуат сымдарын қоспаңыз.
  - Қуат сымында жабысып қалған шаң сияқты бөгде заттар болса, оны розеткаға қоспаңыз.
  - Қуат сымын толықтай енгізгеніңізге көз жеткізіңіз.
  - Қуат сымын ылғал қолмен розеткаға қоспаңыз немесе одан ажыратпаңыз.
  - Қуат сымын ажыратқан кезде сымды тартпаңыз. Оны айырынан ұстайтыныңызға көз жеткізіңіз.

- Зақымдалған қуат сымын пайдаланбаңыз. Әйтпесе ол өрт немесе ток соғуына әкелуі мүмкін. Қуат сымын пайдаланған кезде, келесілерді ескеріңіз:
  - Қуат сымын өзгертпеңіз.
  - Қуат сымына ауыр заттарды қоймаңыз.
  - Қуат сымын күшпен бүкпеңіз, орамаңыз немесе тартпаңыз.
  - Қуат сымын қызу бөлетін құрылғының қасына орналастырмаңыз.

Абай болыңыз

Проекторды тұрақсыз үстел немесе еңісті бет сияқты тұрақсыз жерге қоймаңыз. Әйтпесе жарақат алу қаупі бар.
Проекторды еденге және т.б. жерге қою кезінде қосымша Еденге арналған тұғыр орнатыңыз.

Назар аударыңыз

- Проекторды діріл немесе соғылуға ұшырайтын орынға орнатпаңыз.
- Проекторды жоғары кернеу желісі немесе магнетизм бөлетін нысанның жанына орнатпаңыз. Әйтпесе проектор дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Проекторды қалыпты шамадан тыс температураға ұшырайтын жерде пайдаланбаңыз немесе сақтамаңыз. Сондай-ақ, температураның кенет өзгерістерінен сақ болыңыз.

  Проекторды келесі жұмыс немесе сақтау температурасының ауқымында пайдаланатыныңызға немесе сақтайтыныңызға көз жеткізіңіз.

  - Жұмыс температурасының ауқымы
    +5 және +40°C (Конденсациясыз)
  - Сақтау температурасы
    -10 және +60°C (Конденсациясыз)

- 1500 м асатын биіктікте пайдалансаңыз, **High Altitude Mode** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.
  ☛ **Extended** - **Operation** - **High Altitude Mode** 105-6
- Проектордың айналасындағы мына орындарды бекіту кезінде Ауа кіргізу саңылауы мен Ауа шығару саңылауын бітеп алмаңыз.

  Проекторды сөре немесе қорап сияқты ауа айналымы жоқ жерге орнатпаңыз.
- Проекторды төбеге ілсеңіз немесе қабырғаға орнатсаңыз, ол салқындатқыштың ауа шығаратын саңылауына жақын болмауы керек.



Назар аударыңыз

- Проекторды ылғалдылығы жоғары және шаңды жерлерде, сондай-ақ өрт немесе темекі түтіні шығатын орындарда орнатпаған дұрыс.
- Бірнеше проекторды орнатқан кезде проекторлар арасында кемінде 50 см саңылау бар екеніне көз жеткізіңіз. Сондай-ақ, ауа шығару саңылауы шыққан жылу ауа кіріс саңылауы кірмейтініне көз жеткізіңіз.



- Сатып алғанда, қуат көзінің блогы мен кескінді проекциялау құрылғысын жалғайтын кабель пластикке оралып тұрады. Проекторды пайдалану алдында пластикті алып тастаңыз.

Фокустауды, масштабтауды және объективті жылжыту мөлшерін проекциялауды бастағаннан 20 минуттан кейін орнатқан жөн, себебі проекторды қосқан кезде суреттер тұрақты болмайды.

Пайдалану бойынша ескерту және сақтық шаралары

Ескерту

- Проектордың ауа кіріс саңылауы немесе ауа шығару саңылауы жаппаңыз. Саңылаулардың біреуі жабылса, ішкі температура көтеріліп, өрт туындауы мүмкін.
- Проекциялау кезінде объективке қарамаңыз. Проектордан шығатын қуатты жарық көзді зақымдауы мүмкін. Әсіресе балаларға абай болыңыз. Проекторды пульттің көмегімен қашықтықтан қосқан кезде, оның объективіне ешкім қарап тұрмағанына көз жеткізіңіз.
- Проекциялау барысында проектордан шығатын жарықты кітап немесе т.б. заттармен бөгемеңіз.

  Проектордан шығатын жарық бұғатталса, жарық түсетін аймақ қызып, оның еруін, жануын тудырып, өртке себеп болуы мүмкін. Сондай-ақ, объектив шағылысатын жарықтың әсерінен қызуы мүмкін, бұл проектордың дұрыс жұмыс істемеуін тудырады. Проекциялауды тоқтату үшін A/V Mute функциясын пайдаланыңыз немесе проекторды өшіріңіз.
- Проектордың корпусын ашпаңыз. Проекторды ешқашан бөлшектемеңіз немесе құрылысын ауыстырмаңыз. Проектордың ішінде өрттің шығуына, электр тогының соғуына немесе оқыс оқиғаға себеп болуы мүмкін жоғары кернеулі құрамдастар бар.
- Қате пайда болған жағдайда қуат сымын розеткадан ажыратыңыз және жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімі берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз. Егер проекторды сол күйінде пайдалана берсеңіз, ол өрттің шығуына, электр тогының соғуына немесе көздің зақымдалуына себеп болуы мүмкін.

  ☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*

Абай болыңыз

Ауа шығару саңылауы жанына жылу әсеріне ұшырауы мүмкін немесе деформациялануы мүмкін заттарды қоймаңыз және проекциялау барысында бетіңізді немесе қолдарыңызды саңылаудың қасына қоймаңыз.

Назар аударыңыз

- Объектив бөлігіне қолыңызды не саусақтарыңызды тигізбеуге тырысыңыз. Объектив бетінде саусақ іздері не май қалып қойса, проекциялау сапасы төмендейді.
- Сақтау кезінде, қашықтықтан басқару пультінен батареяларды алып тастаңыз. Қашықтан басқару пультінде батареялар ұзақ уақытқа қалса, олардан сұйықтық ағуы мүмкін.

- СКД панелі туралы
  - СКД панелі жоқ пиксельдерден тұруы мүмкін немесе барлық уақытта жарық болып тұрады. Ол қатенің белгісі емес.
  - Тіпті қолданылмай тұрғанның өзінде проекциялау объективінің беті арқылы өтетін қуатты лазер шыққанда, ол СКД панелінің ақаулығына себеп болуы мүмкін.
  - Егер бір кескін ұзақ уақыт проекцияланса, СКД панелінде сол кескіннің бейнесі қалып қалуы мүмкін. Қалып қалған кескіннің бейнесін азайту үшін **Refresh Mode** режимін пайдаланыңыз.

    ☛ «Refresh Mode» 152-6

- Жарық көзі туралы

  Проектор лазерді жарық көзі ретінде пайдаланады. Лазердің сипаттамалары төмендегідей.
  - Қоршаған ортаға байланысты жарық көзінің шығуын азайтуға болады. Температура қаншалықты жоғары болса, шығуы да соншалықты азаяды.
  - Жарық көзінің шығуы қолданылған сайын азая береді. **Brightness Settings** параметрінде қолданыс уақыты мен жарықтықтық шығуының азаюы арасындағы қатынасты өзгерте аласыз.

    ☛ «Жарықтықты орнату» 54-6

- Light Source Calibration
  - Қолданыс уақыты 100 сағатқа жеткен соң, проектор өшкен кезде Light Source Calibration функциясы автоматты түрде іске қосылады. Алайда проектор 24 сағаттан артық үздіксіз жұмыс істеген жағдайда немесе әрдайым тікелей өшірілген жағдайда ол автоматты түрде іске қосылмайды. **Run Now** пәрменін орындаңыз немесе жарық көзін жүйелі түрде реттеп тұру үшін, жоспарлау функциясы арқылы **Light Source Calibration** функциясын орнатыңыз.

    ☛ **Reset** - **Light Source Calibration**121-6
    ☛ «Оқиға жоспарын орнату» 74-6
  - Егер Light Source Calibration функциясының автоматты түрде іске қосылғанын қаламасаңыз, **Run Periodically** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз.

    ☛ **Reset** - **Light Source Calibration** - **Run Periodically**121-6
  - Жарық көзіндегі ақ түстің балансын түзету үшін Light Source Calibration пәрменін орындаңыз.

Лазердегі ескерту мен сақтандырулар

Ескерту

- Лазер туралы ескерту жапсырмалары проектордың ішіне және проектордың бүйіріне жапсырылған.

Іші



Ескерту

Бүйірі



Ескерту

- Проектордың корпусын ашпаңыз. Проекторда қуаты жоғары лазер бар.
- Проекциялау кезінде объективтен шығатын жарыққа қарамаңыз. (RG2 IEC/EN 62471-5 стандартына негізделген: 2015)

Абай болыңыз

- Бұл проектор - лазерлерге арналған IEC/EN60825-1: 2014 халықаралық стандартына сай келетін 1-класты лазерлік өнім.
- Проекторды жою барысында оны бөлшектемеңіз. Жергілікті немесе мемлекеттік заңдар мен ережелерге сәйкес жойыңыз.

Тасымалдау бойынша ескертпелер

Проектор ішінде көптеген шыны бөлшектер мен дәл өндірілген құрамдас бөліктер бар. Тасымалдау кезінде соққыдан зақымдалмауы үшін проекторды төмендегідей ұстаңыз.

Назар аударыңыз

- Оны жақынырақ жылжыту үшін, проекторды өшіріп, сымдардың барлығын ажыратыңыз.
- Тасымалдаған кезде
  Жоғарыдағы сақтық шаралары сияқты, төмендегілерді дайындап, курьерге хабарласыңыз.
  - Проекторге ешқандай SD картасының салынбағанына көз жеткізіңіз.
  - Тасымалдау кезінде проектордың жылжып кетуіне жол бермеу үшін, топсалы қосылыстың бекіту бұрандасын толықтай қатайтыңыз.
  - Тасымалдау кезінде проекторға ауыр соққы тимеуі үшін сыртын қорғаңыз.
  - Проекторды берік қорапқа салып, қораптың сыртына оның жоғары дәлдікті құрал екенін жазып көрсетіңіз.

Осы нұсқаулықта пайдаланылатын шартты белгілер 2

Кіріспе

Бөлік атаулары және функциялар 15
Алдыңғы жағы 15
Артқы жағы 16
Интерфейс 17
Төбесінен қарағандағы көрініс 18
Қашықтықтан басқару пульті 19

Проекторды дайындау

Проекторды орналастыру 22
Орнату түрлері 22
Проекциялау бұрышын топсалы қосылыс арқылы реттеңіз 23

Түрлі құрылғыларға қосу 25

Қашықтан басқару пультін орнату 27
Қашықтан басқару пультіне батареяларды салу 27
Қашықтықтан басқару пультінің жұмыс ауқымы 28

Әдепкі проектор параметрлері 29
Кескін бағдарын орнату (Проекциялау) 29
Қашықтан басқару пульті арқылы проекциялау режимін өзгерту 29
Мәзірлер арқылы проекциялау режимін өзгерту 29
Проектор мәзірлерінің тілін таңдау 30
Күн және уақытты орнату 31
Басқа параметрлер 33
Негізгі әрекеттерге қатысты параметрлер 33
Дисплейге қатысты параметрлер 33

Негізгі пайдалану

Проекторды қосу/өшіру 35
Проекторды қосу 35
Проекторды өшіру 36

Мақсатты кескінге қашықтан басқару құралы арқылы ауысу 37

Spotlight пайдалану 38

Ойнату тізімін ойнату 39
SD Card ойнату тізімін ойнату 39
Таңдаулы ойнату тізімін ойнату 39
Ойнату тізімін таңдау және ойнату 40

Мобильді құрылғы немесе компьютер арқылы проекторды пайдалану 41
Epson iProjection (iOS/Android) қолданбасы арқылы басқару 41
Epson Web Control арқылы басқару (Веб-шолғыш) 42
Әр экранды көру 43
Remote экраны 43
Playlists (Ойнату тізімі) экраны 44
SD Card экраны 44
Time Table экраны 45
OSD Control Pad экраны (тек Epson Web Control) 45

Overlay Effect функциясын пайдалану 46
Әсер пішінін орнату 46
Әсер түсін реттеу 47
Overlay Effect жарықтығын реттеу 48

Проекцияланған кескіндерді реттеу 49
Сынақ үлгісін көрсету 49
Кескін өлшемін реттеу 50
Фокусты түзету 50
Проекцияланған кескіндегі бұрмалануды түзету 51
H/V-Keystone түзету 51
Quick Corner 52

Проекциялау сапасын таңдау (Color Mode таңдау) 53
Жарықтықты орнату 54
Проекцияланған кескін жарығының мөлшерін баптау 55
Проекцияланған кескіннің арақатынасын өзгерту 56
Проекцияланған кескіннің Gamma мәнін реттеу 57

Дыбыс деңгейін реттеу 59

Кескінді және дыбысты уақытша жасыру (A/V Mute) 60

Пайдалы функциялар

Бірнеше проекторден (Multi-Projection) алынған бір кескінді проекциялау 62
Реттеу процедурасы 62
Алдын ала дайындау 62
Проекцияланған кескіндерді реттеу 62
Проектор идентификаторын орнату 63
Проектор идентификаторын орнату 63
Кескіндер қабаттасқан (Edge Blending) жердегі нүктелерді реттеу 64
Масштабталған кескінді көрсету 66
Проекцияланған бірнеше кескінді реттеу 68
Біркелкі емес түстерді реттеу (Color Uniformity) 68
Реңкті (Color Matching) реттеу 70

Бірнеше проекторда бір кескінді бір уақытта ойнату (Синхрондалған ойнату) 72
Синхрондалған ойнатуды іске қосу 72

Пайдаланушының логотипін сақтау 73

Оқиға жоспарын орнату 74

Пайдаланушыларды басқару (Құпиясөзбен қорғау) 77
Password Protection түрлері 77
Құпиясөзді орнату 77
Құпиясөз қауіпсіздігінің түрлерін таңдау 78
Проекторды пайдалану үшін құпиясөзді енгізу 79

Проекторды желіде пайдалану

Сымды желілік проекциясы 81
Сымды LAN параметрлерін таңдау 81

Сымды желілік проекциялау 84
Сымсыз желі параметрлерін қолмен таңдау 85
Windows операциялық жүйесінде сымсыз желі параметрлерін таңдау 88
Mac құрылғысындағы сымсыз желі параметрлерін таңдау 88
Сымсыз желінің қауіпсіздігін орнату 88
Қолдау көрсетілетін клиент және CA куәліктері 90
Мобильді құрылғыны қосу үшін QR кодын пайдалану 91

Secure HTTP 93
Мәзірлер арқылы веб-сервер куәлігін импорттау 93
Қолдау көрсетілетін веб-сервер куәліктері 94
Веб-шолғыштың көмегімен куәлікті орнату 94

Конфигурация мәзірі

Конфигурация мәзірін пайдалану 97

Функциялар тізімі 99
Configuration мәзірінің кестесі 99
Network мәзірі 100
Image мәзірі 101
Signal мәзірі 103
Settings мәзірі 103
Extended мәзірі 105
Network мәзірі 108
Network мәзірін пайдалану туралы ескертпелер 109
Бағдарламалық пернетақта әрекеттері 110
Basic мәзірі 110

Wireless LAN мәзірі . . . 111
Wired LAN мәзірі . . . 116
Notifications мәзірі . . . 117
Others мәзірі . . . 119
Reset мәзірі . . . 120
Info мәзірі (тек дисплей) . . . 120
Reset мәзірі . . . 121

Буманы орнату . . . 123
SD картасы арқылы параметрлерді орнату. . . . 123
Параметрлерді SD картасына сақтау . . . 123
Сақталған параметрлерді басқа проекторларда көрсету . . . 125
Орнату сәтсіз аяқталған кезде . . . 127

Ақаулықтарды жою

Көрсеткіштерді оқу . . . 129

Мәселелерді шешу . . . 135
Кескіндерге қатысты мәселелер . . . 137
Кескіндер көрінбейді . . . 137
Қозғалатын кескіндер көрсетілмейді . . . 137
Ойнату тізімі ойнатылмайды. . . . 138
Not supported хабары көрсетіледі . . . 138
No Signal хабары көрсетіледі . . . 138
Кескіндер анық емес, фокуста емес немесе бұрмаланған . . . 139
Кескіндерде кедергі немесе бұрмалану пайда болады . . . 139
Кескін қиылған (үлкен) немесе шағын, қатынас дұрыс емес немесе кескін аударылған . . . 140
Кескін түстері дұрыс емес . . . 140
Кескіндер күңгірт болып көрінеді . . . 141
СКД панелінде дақ пайда болады. . . . 142
Проекциялау басталған кездегі мәселелер . . . 142
Проектор қосылмайды . . . 142
Желілік ақаулықтарды шешу . . . 143
Сымсыз аутентификация сәтсіз болғандағы шешімдер . . . 143
Проекторды веб-браузер арқылы ашу мүмкін болмаған жағдайдағы шешімдер . . . 143
SD картасын веб-браузер арқылы пайдалану мүмкін емес (ойнату тізімін сақтау/жою, деректерді жүктеу). . . . 143
Тіпті проекторда мәселе орын алса да электрондық пошта алынбайды . . . 143
Желілік проекция кезінде кескіннің кедергілері болған кездегі шешімдер . . . 144
Басқа мәселелер . . . 144
Дыбыс естілмейді немесе дыбыс әлсіз . . . 144
Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді . . . 145
Хабарлардың және мәзірлердің тілін өзгерткім келеді . . . 145
Құпиясөз ақаулықтарының шешімі . . . 146
The battery that saves your clock settings is running low. (Сағат параметрлерін сақтайтын батарея істеп тұр.) хабары көрсетіледі . . . 146
Егжей-тегжейлі журналдар мен қате туралы хабарлар көрсетілмейді . . . 146
Art-Net дұрыс басқару мүмкін емес. . . . 147

Event ID туралы . . . 148

Қызмет көрсету

Тазалау . . . 151
Проектордың бетін тазалау . . . 151
Объективті тазалау . . . 151
Ауа кіргізу саңылауы және Ауа шығару саңылауын тазалау . . . 151

Кескінге техникалық қызмет көрсету . . . 152
Color Uniformity . . . 152
Refresh Mode . . . 152
Light Source Calibration . . . 153

Қосымша

Бақылау және басқару . . . 155
Epson Projector Management . . . 155
Мәселелер туралы есеп беру үшін Mail Notification функциясын пайдалану . . . 155

Қате туралы хабарландыру электрондық хаттарын оқу 155
SNMP пайдаланып басқару 156
ESC/VP21 пәрмендері 156
Пәрмендер тізімі 156
PJLink туралы 156
Crestron Connected® туралы 157
Проекторды компьютерден басқару 158
Art-Net 162
Арна анықтамалары 162
Web API 167

Қосымша қосалқы құралдар тізімі 168

Экран өлшемі және проекциялау қашықтығы 169

Қолдау көрсетілетін монитор дисплейлері 171

Техникалық сипаттамалар 174

Проектордың жалпы техникалық сипаттамалары 174

Сыртқы түрі 176

Глоссарий 177

Жалпы ескертпелер 179

Сауда белгілері мен авторлық құқық 179

Қауіпсіздік белгілерінің тізімі 181

Индекс 183

Кіріспе

Бұл тарауда әр бөліктің атауы түсіндірілген.

Келесі бөлімдерде проектор бөліктері мен олардың функциялары түсіндірілген.



1. Қуат беру блогы
2. Кескінді проекциялау құрылғысы

Алдыңғы жағы



	Атауы	Функция
1	Проекциялау объективі	Кескіндер осы жерден проекцияланады. **Ескерту** Проекциялау кезінде объективке қарамаңыз. Шығатын қуатты жарыққа байланысты көзді зақымдауы мүмкін.
2	Ауа кіретін саңылау	Проекторды ішінен салқындату үшін ауаны кіргізеді. ☛ «Ауа кіргізу саңылауы және Ауа шығару саңылауын тазалау» 151-6
3	Топсалы қосылыс	Проекциялау бұрышын өзгерту үшін осыны пайдаланыңыз. ☛ «Проекциялау бұрышын топсалы қосылыс арқылы реттеңіз» 23-6

Атауы		Функция
❹	**Топсалы қосылысты бекіту бұрандасы**	Топсалы қосылысты орнына бекіту үшін бұрандамен ұстатыңыз.
❺	**Көрсеткіштер**	Проектордың күйін көрсетеді. ☛ «Көрсеткіштерді оқу» 129-б
❻	**Қашықтағы қабылдағыш**	Қашықтықтан басқару пультінен сигналдар алады.

Артқы жағы



Атауы		Функция
❶	**Ауа шығатын саңылау**	Ауаны шығару саңылауы проектордың ішін салқындату үшін пайдаланылады. **⚠ Абай болыңыз** Проекциялау кезінде бетіңізді немесе қолыңызды ауа шығатын саңылаудың жанына қоймаңыз және ыстықтан майысуы немесе зақымдалуы мүмкін заттарды ауа шығатын саңылаудың жанына қоймаңыз. Ауа шығатын саңылаудан шығатын ыстық ауа күйіктердің, майысудың немесе оқыс жағдайлардың орын алуына себеп болуы мүмкін. ☛ «Ауа кіргізу саңылауы және Ауа шығару саңылауын тазалау» 151-б

	Атауы	Функция
❷	**Интерфейс**	☛ «Интерфейс» 17-б
❸	**[⏻] түймесі**	Проекторды қосады немесе өшіреді.
❹	**Кабель ұстағышы**	Қуат сымы өз салмағының ауырлығынан ажырап кетпеуі үшін кабель қысқышты қыстырыңыз. 
❺	**Қуат кірісі**	Қуат сымын проекторға қосады.
❻	**Қуат адаптерінің қақпағы**	Қуат портына және қуат түймесіне арналған қақпақ.

Интерфейс



	Атауы	Функция
❶	**LAN порты**	Желіге қосылу үшін жергілікті желі кабелін қосады. Art-Net функциясына қолдау көрсетеді. ☛ «Art-Net» 162-б
❷	**HDMI порты**	HDMI үйлесімді бейне жабдықтан және компьютерлерден бейне сигналдарын кіргізеді.
❸	**SD картасы ұясы**	Ұяға SD картасын салыңыз.
❹	**Audio Out порты**	Ағымда проекцияланған аудионы сыртқы динамикке шығарады.
❺	**USB-A порты (бөлінген қуат көзі/1200 мА)**	USB кабеліне қосады және қуат береді. Оны деректерді тасымалдау үшін пайдалануға болмайды.

	Атауы	Функция
⑥	Кабель ұстағышы	HDMI сымы өз салмағының ауырлығынан ажырап кетпеуі үшін кабель қысқышты қыстырыңыз. 

Төбесінен қарағандағы көрініс



	Атауы	Функция
❶	Тікелей орнату нүктелері (төрт нүкте)	Проекторды төбеге ілу немесе қабырғаға бекіту кезінде, Тікелей орнату бөлшегін орнатыңыз. ☛ «Проекторды орналастыру» 22-б
❷	Қабырғаға орнату нүктелері (жеті нүкте)	Проекторды қабырғаға орнату кезінде қосымша Қабырғаға орнату бөлшегін орнатыңыз. ☛ «Проекторды орналастыру» 22-б ☛ «Қосымша қосалқы құралдар тізімі» 168-б
❸	Еденге арналған тұғыр нүктелері (алты нүкте)	Проекторды еденге қою кезінде қосымша Еденге арналған тұғыр бөлшегін орнатыңыз. ☛ «Проекторды орналастыру» 22-б ☛ «Қосымша қосалқы құралдар тізімі» 168-б

Қашықтықтан басқару пульті



	Атауы	Функция
1	[⏻] түймесі	Проекторды қосады немесе өшіреді.
2	[HDMI] түймесі	HDMI кіріс портынан алынатын кескіндерге ауысады.
3	[LAN] түймесі	Желіге қосылған құрылғылар арасындағы кескін көзін өзгертеді.
4	Сандық түймелер	• Таңдаулы ойнату тізімін ойнатады (тек 1-ден 9-ға дейін). ☛ «Таңдаулы ойнату тізімін ойнату» 39-б • Құпия сөзді енгізіңіз. ☛ «Пайдаланушыларды басқару (Құпиясөзбен қорғау)» 77-б
5	[ID] түймесі	Қашықтан басқару пультін пайдаланып басқарғыңыз келген проектор үшін идентификатор таңдау үшін осы түймені басып тұрып, сандық түймелерді басыңыз. ☛ «Проектор идентификаторын орнату» 63-б
6	[Menu] түймесі	Конфигурация мәзірін көрсетеді және жабады. ☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 97-б
7	[▲][▼][◀][▶] түймелері	Конфигурация мәзірі көрсетілген кезде, осы түймелерді бассаңыз, мәзір элементтері және параметр мәндері таңдалады. ☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 97-б
8	[↵] түймесі	Конфигурация мәзірі көрсетілгенде, ол ағымдағы таңдауды қабылдап, оған кіреді және келесі деңгейге өтеді. ☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 97-б
9	[User] түймесі	Проектордың Конфигурация мәзіріндегі User Button параметрінде тағайындалған параметрлерді орындайды. ☛ «Settings мәзірі» 103-б
10	[Focus] түймесі	Фокусты реттеу үшін басыңыз. ☛ «Фокусты түзету» 50-б

Атауы		Функция
⓫	[Zoom] түймесі	Масштабтауды реттеу үшін басыңыз. ☛ «Кескін өлшемін реттеу» 50-б
⓬	[Pattern] түймесі	Сынақ үлгіні көрсетеді. ☛ «Сынақ үлгісін көрсету» 49-б
⓭	[Keystone] түймесі	Проекцияланған суреттегі бұрмалануды түзетеді. ☛ «Проекцияланған кескіндегі бұрмалануды түзету» 51-б
⓮	[SD Viewer] түймесі	Ойнату тізімдерін көрсетеді. ☛ «Ойнату тізімін ойнату» 39-б
⓯	[Effect] түймесі	Кескіннің пішіні мен түсін өзгерту үшін Overlay Effect функциясын пайдаланыңыз. ☛ «Overlay Effect функциясын пайдалану» 46-б
⓰	[Volume] түймелері [🔊][🔈]	[🔊] Дыбыс деңгейін арттырады. [🔈] Дыбыс деңгейін азайтады. ☛ «Дыбыс деңгейін реттеу» 59-б
⓱	[Default] түймесі	[Default] режимінде қосулы болады: Конфигурация мәзірінің нұсқаулығында Reset пәрмені көрсетіледі. Реттеліп жатқан параметрлер әдепкі мәндеріне оралады. ☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 97-б
⓲	[Esc] түймесі	• Ағымдағы функцияны тоқтатады. • Конфигурация мәзірі көрсетілген кезде басылса, алдыңғы деңгейге өтеді. ☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 97-б
⓳	[A/V Mute] түймесі	Бейнені және дыбысты қосады немесе өшіреді. ☛ «Кескінді және дыбысты уақытша жасыру (A/V Mute)» 60-б
⓴	[SD ►] түймесі	SD картасындағы ойнату тізімін ойнатады. ☛ «Ойнату тізімін ойнату» 39-б

Атауы		Функция
㉑	[Spotlight] түймесі	Spotlight режиміне ауысады. ☛ «Spotlight пайдалану» 38-б
㉒	Қашықтан басқару құралының жарық шығаратын аймағы	Қашықтан басқару құралының сигналдарын шығарады.

Проекторды дайындау

Проектордың параметрлерін орнату үшін осы бөлімдердегі нұсқауларды орындаңыз.

Орнату түрлері

Проекторды төмендегідей орнатуға болады.

Төбеге ілу немесе қабырғаға орнату

- Проекторды төбеге ілу немесе қабырғаға бекіту кезінде, берілген Тікелей орнату бөлшегін пайдаланыңыз.
- Проекторды жарықтандыруға арналған ток өткізгіш шиналарға орнатқанда қосымша Қабырғаға орнату бөлшегі қажет.
- Төбеге ілу немесе қабырғаға орнату кезінде, көлденең төбе немесе тік қабырға болғаны жөн.
  Толық деректерді Орнату нұсқаулығы қараңыз.



Еденге немесе үстелге орнату

- Еденге немесе үстелге орнату кезінде, қосымша Еденге арналған тұғыр қажет.
- Берілген Тікелей орнату бекіткіші арқылы еденге немесе үстелге орнатпаңыз.

Проекторды тегіс және тұрақты орынға орналастырыңыз.



Пайдаланылып жатқан орнату әдісіне сәйкес проектордың **Extended** мәзіріндегі **Projection** опциясы дұрыс таңдалғанына көз жеткізіңіз.

- Әдепкі **Projection** параметрі **Front/Ceiling** болып табылады.
- **Projection** параметрін қашықтан басқару пультіндегі [A/V Mute] түймесін шамамен бес секунд бойы басу арқылы өзгертуге болады.
  Front/Ceiling, **Rear**, **Rear/Ceiling**, **Front**
- Проекторды ұсынылған проекциялау ауқымында орнатыңыз.
  ☛ «Экран өлшемі және проекциялау қашықтығы» 169-б
- Топсалы қосылысты көлденеңінен 360° және тігінен 90° айналдыруға болады. Кескінді портреттік бағдар бойынша 90° еңкейтуге болады.



☛ «Кескін бағдарын орнату (Проекциялау)» 29-б

Проекциялау бұрышын топсалы қосылыс арқылы реттеңіз

Проекциялау бұрышын өзгерту үшін топсалы қосылыс арқылы реттеңіз.

1. Проекторды қосу үшін, қашықтан басқару пультіндегі [⏻] түймесін басыңыз.
   ☛ «Проекторды қосу» 35-б

2. Топсалы қосылыстың бекіту бұрандасын алтыбұрышты кілт арқылы босатыңыз.



Назар аударыңыз

- Кескінді проекциялау құрылғысын еңкейткенде бұранданы босатсаңыз, кескінді проекциялау құрылғысы өз салмағының ауырлығынан кенет қозғалып кетуі мүмкін.
  Бұранданы босатқанда проектор кенет қозғалып кетпеуі үшін проектордың кескінді проекциялау құрылғысын тіреп қойыңыз.



- Бұранданы босату кезінде топсалы қосылысты ұстамаңыз. Әйтпесе саусақтарыңыз қыстырылып қалуы мүмкін.

3 Проекциялау бұрышын реттеңіз.



Назар аударыңыз

- Проекторға жалғанған кабельдерге шамадан тыс күш түсірмеңіз.
- Кабельдерді топсалы қосылыс айналасына орамаңыз. Әйтпесе кабельдер зақымдалуы мүмкін.

4 Реттеулерді аяқтағаннан кейін, босатқан топсалы қосылыстың бекіту бұрандасын қатайтыңыз.

Абай болыңыз

- Топсалы қосылысқа саусақтарыңыздың қыстырылып қалмағанына көз жеткізіңіз.
- Топсалы қосылыстың бекіту бұрандасын қатайтқаннан кейін оны жылжыту үшін топсалы қосылысқа күш түсірмеңіз.

Назар аударыңыз

Кескінді проекциялау құрылғысы жылжып кетпейтіндей төменгі жағын тіреп қойыңыз және бұранданы берілген алты бұрышты кілтпен (диагональ өлшемі 5,0 мм) қатайтыңыз.

- Проекциялау позициясын өзгерткеннен кейін өлшемі мен фокусын реттеңіз.
  ☛ «Кескін өлшемін реттеу» 50-б
  ☛ «Фокусты түзету» 50-б
- Сынақ үлгісі көрсетілсе, проекциялау позициясын реттеу оңай болады.
  ☛ «Сынақ үлгісін көрсету» 49-б



❶ **Сымды желіге қосылу кезінде**

LAN портын желі хабтарына не өзге құрылғыларды проектордың LAN портына сатып алуға болатын 100BASE-TX не 10BASE-T жергілікті желі кабелімен жалғаңыз.

> Ақаулықтардың алдын алу үшін 5 не одан жоғары санатты қорғалған жергілікті желі кабелін пайдаланыңыз.

❷ **Компьютерге немесе бейне көзіне қосылу кезінде**

Компьютердегі немесе бейне көзіндегі HDMI портын проектордың HDMI портына қосыңыз.

Проекцияланған кескінмен бірге компьютердің немесе бейне көзінің дыбысын жіберуге болады.

❸ **Сыртқы динамикке қосылу кезінде**

Сыртқы динамикті проектордың Audio Out портына сатып алуға болатын аудио кабельді пайдаланып қосыңыз.

> **Назар аударыңыз**
>
> Гарнитураны немесе құлаққапты проекторге қоспаңыз. Шамадан тыс дыбыс қысымы есту қабілетінің жоғалуына себеп болуы мүмкін.

❹ **SD картасын салу кезінде**

Проектордың SD картасы ұясына сатып алуға болатын SD картасын салыңыз.

- Проектор максималды көлемі 32 ГБ болатын 10 немесе одан жоғары кластағы SDHC карталарына қолдау көрсетеді.
- FAT16 немесе FAT32 пішіміндегі SD карталарын пайдаланыңыз.

Назар аударыңыз

- Проекторға жалғау кезінде енгізу көзі қосылып тұрса, ақаулыққа әкелуі мүмкін.
- Егер ұяның бағдары немесе пішіні басқаша болса, оны күшпен кіргізуге тырыспаңыз. Құрылғы зақымдалуы немесе дұрыс емес жұмыс істеуі мүмкін.

Егер қосылуы қажет көздегі порттың пішіні әдеттен тыс болса, проекторға қосу үшін құрылғымен бірге қамтамасыз етілген кабельді немесе қосымша кабельді пайдаланыңыз.

Қашықтан басқару пультіне батареяларды салу

Қашықтан басқару пультінде проектормен бірге жеткізілетін екі AA батареясы болады.

Назар аударыңыз

Батареяларды пайдаланбай тұрып келесі нұсқаулықты оқып шығыңыз.

☛ *Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар*

1 Батарея қақпағын алыңыз.



2 Батареялардың + және – ұштарын көрсетілгендей салыңыз.



⚠ Абай болыңыз

Батареялар дұрыс салынғанына көз жеткізу үшін батарея ұстағышындағы (+) және (-) белгілерінің орындарын тексеріңіз.

Дұрыс пайдаланбаса, батареялар жарылып немесе ағып, өртке, жарақатқа немесе өнімнің зақымдалуына әкелуі мүмкін.

3 Батарея қақпағын ауыстырып, орнына "сырт" етіп түскенше басыңыз.



Қашықтықтан басқару пультінің жұмыс ауқымы



Қашықтан басқару құралынан басқару сигналын қабылдауды шектеу **Remote Receiver** параметрін орнатыңыз.

☛ **Settings** - **Remote Receiver** 103-б

Кескін бағдарын орнату (Проекциялау)

Проектордың орналасуына байланысты, кескіндер дұрыс проекциялануы үшін проекциялау режимін өзгерту қажет болуы мүмкін.

Проектор төбеге ілінген жағдайда, әр проекциялау режимі үшін кескін бағыттары төмендегідей болады.

Front/Ceiling (Әдепкі)

Rear

Rear/Ceiling

Front

Қашықтан басқару пульті арқылы проекциялау режимін өзгерту

Кескінді жоғарыдан төменге дейін аудару үшін, проекциялау режимін өзгертуге болады.

1 Проекторды қосып, кескінді көрсетіңіз.

☛ «Проекторды қосу» 35-б

2 Қашықтықтан басқару пультіндегі [A/V Mute] түймесін 5 секунд бойы басып ұстап тұрыңыз.



Кескін қысқа уақытқа жоғалып кетіп, жоғарыдан төменге аударылған күйде қайта пайда болады.

3 Проекциялауды кері бастапқы режимге ауыстыру үшін, [A/V Mute] түймесін 5 секунд бойы қайта басып тұрыңыз.

Мәзірлер арқылы проекциялау режимін өзгерту

Кескінді жоғарыдан төменге және/немесе сол жақтан оң жаққа аудару үшін проектор мәзірлерін пайдаланып проекциялау режимін өзгертуге болады.

1 Проекторды қосып, кескінді көрсетіңіз.

☛ «Проекторды қосу» 35-б

2 Қашықтықтан басқару пультіндегі [Menu] түймесін басыңыз.



3 **Extended** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



4 **Projection** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



5 Проекциялау режимін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

6 Мәзірді жабу үшін [Menu] түймесін немесе [Esc] түймесін басыңыз.

Проектор мәзірлерінің тілін таңдау

Проектордың мәзірлері мен хабарларын басқа тілде көргіңіз келсе, Тіл параметрін өзгертуге болады.

1 Проекторды және компьютеріңізді қосыңыз.

☛ «Проекторды қосу» 35-6

2 Қашықтықтан басқару пультіндегі [Menu] түймесін басыңыз.



3 **Extended** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



4 **Language** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

5 Орнатқыңыз келген тілді таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.

6 Мәзірді жабу үшін [Menu] түймесін немесе [Esc] түймесін басыңыз.

Күн және уақытты орнату

Проектордағы күн және уақыт параметрлерін орнатуға болады. Орнатылған күн және уақыт жоспарлау үшін пайдаланылады.

☛ «Оқиға жоспарын орнату» 74-б

- Проекторды бірінші рет қосқанда "Do you want to set the time?" хабары көрсетіледі. **Yes** жауабын таңдасаңыз, 5-қадамдағы экран көрсетіледі.
- **Password Protection** тармағында **Schedule Protection** параметрі **On** күйіне орнатылған болса, күн мен уақытқа қатысты параметрлерді өзгерту мүмкін емес. Өзгерістерді **Schedule Protection** параметрін **Off** күйіне орнатқаннан кейін енгізуге болады.

☛ «Пайдаланушыларды басқару (Құпиясөзбен қорғау)» 77-б

1 Проекторды қосыңыз.

☛ «Проекторды қосу/өшіру» 35-б

2 Қашықтықтан басқару пультіндегі [Menu] түймесін басыңыз.

☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 97-б



3 **Extended** ішінен **Operation** параметрін таңдаңыз.

4 **Date & Time** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

5 Күн және уақыт параметрлерін орнатыңыз.

Бағдарламалық пернетақтаны пайдаланып күн мен уақытты енгізіңіз.

☛ «Бағдарламалық пернетақта әрекеттері» 110-б



Date & Time

Ішкі мәзір	Функция
Date	Бүгінгі күнді орнатыңыз.
Time	Ағымдағы уақытты орнатыңыз.
Time Difference (UTC)	Реттелген әмбебап уақыттан уақыт айырмашылығын орнатыңыз.
Set	**Date & Time** тармағында орнатылған параметрлер қолданылады.

Daylight Saving Time

Ішкі мәзір	Функция
Daylight Saving Time	Жазғы уақытты (**On**/**Off**) қосыңыз немесе өшіріңіз.**DST Adjustment (min)** арқылы стандартты уақыт және жазғы уақыт арасындағы айырмашылық реттеледі.
DST Start	Жазғы уақытты бастайтын күн мен уақытты орнатыңыз.
DST End	Жазғы уақытты аяқтайтын күн мен уақытты орнатыңыз.
Set	**Daylight Saving Time** тармағында орнатылған параметрлер қолданылады.

Internet Time

Ішкі мәзір	Функция
Internet Time	Уақытты автоматты түрде интернет уақытының сервері арқылы жаңарту үшін **On** күйіне орнатыңыз.
Internet Time Server	Интернет уақытының сервері үшін IP мекенжайын енгізіңіз.
Set	**Internet Time** тармағында орнатылған параметрлер қолданылады.

Параметрлерді өзгерткен кезде **Set** пәрменін таңдаңыз да, [↵] түймешігін басыңыз.

6 Параметрлерді орнатуды аяқтау үшін [Menu] түймесін басыңыз.

Басқа параметрлер

Негізгі әрекеттерге қатысты параметрлер

Мақсат	Орнату әдістері
Желілік қуатты қосу/өшіру, я болмаса, проектордың ашасын розеткаға қосу немесе розеткадан суыру арқылы проекциялауды бастау/тоқтату.	**Direct Power On** параметрін **On** күйіне орнатыңыз. (Әдепкі мән: **Off**) ☛ **Extended** - **Operation** - **Direct Power On** 105-6 Проекторды тікелей ажыратқыш арқылы өшіруге болады, өйткені ол тікелей өшіру функциясын қолдайды.
Тіпті проектордың қуаты өшірулі болса да проекторды байланыс пәрмені арқылы пайдалану.	**Standby Mode** параметрін **Communication On** мәніне орнатыңыз. (Әдепкі мән: **Communication Off**) ☛ **Extended** - **Standby Mode** - **Standby Mode**105-6
[⏻] түймесін бір рет басып, қуатты өшіріңіз.	**Standby Confirmation** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз. (Әдепкі мән: **On**) ☛ **Extended** - **Display** - **Standby Confirmation** 105-6

Дисплейге қатысты параметрлер

Мақсат	Орнату әдістері
Көзді ауыстырған кезде проекциялау экранында хабар көрсетуді өшіру.	**Messages** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз. (Әдепкі мән: **On**) ☛ **Extended** - **Display** - **Messages** 105-6 Көрсеткіштер көрсетіле салысымен ескерту параметрлерін тексеруге болады. ☛ «Көрсеткіштерді оқу» 129-6 Әрекеттер мен мінез-құлықтарға қатысты диалогтық терезелер, лазер туралы ескертулер, Epson Projector Management үшін Message Broadcasting және проектор идентификаторы көрсетіледі.
Проекторды қосқан кезде пайдаланушы логотипін көрсету.	**Startup Screen**: Проектор қосылғанда пайдаланушы логотипін көрсету-көрсетпеуді (**On**/**Off**) орнатыңыз. (Әдепкі мән: **On**) ☛ **Extended** - **Display** - **Startup Screen** 105-6

Негізгі пайдалану

Бұл тарауда кескіндерді проекциялау және реттеу жолы көрсетілген.

Проекторды қосу

Проекторды қоспас бұрын, компьютеріңізді немесе бейне жабдығыңызды проекторға қосыңыз.

☛ «Түрлі құрылғыларға қосу» 25-6

1 Проекторды розеткаға қуат сымының көмегімен жалғаңыз.



Проектордың On/Standby индикаторы көк түспен жанады (ол күту режимінде болады). Ол проектордың қуат алып жатқанын, бірақ әлі қосылмағанын көрсетеді.

> Проектор жарықтандыруға арналған ток өткізгіш шиналарға орнатқанда, жарықтандыруға арналған ток өткізгіш шиналардың қуаты қосылғанда проектор күту режиміне ауысады.

2 Проекторды қосу үшін проектордағы [⏻] түймесін немесе қашықтан басқару пультіндегі [⏻] түймесін басыңыз.

Status индикаторы көк түспен жыпылықтайды (қыздыру күйі). Проектор жылынғаннан кейін, Status индикаторы жыпылықтауды тоқтатып, көк түске ауысады.

Егер кескін проекцияланбаса, келесілерді тексеріңіз.

- Жалғанған компьютерді немесе бейне жабдығын қосыңыз.
- Ноутбукты пайдаланғанда, экран шығысын компьютерден өзгерту керек.
- DVD сияқты тасушыны салыңыз және оны ойнатыңыз.
- Қашықтан басқару пульті арқылы проекциялағыңыз келетін кіріс сигнал көзіне арналған түймені басыңыз.

Ескерту

- Проекция кезінде проектордың объективіне қарамаңыз. Ол көзіңізді зақымдауы мүмкін. Әсіресе балалар болған жағдайда абай болыңыз.
- Проекциялау барысында проектордан шығатын жарықты кітап немесе т.б. заттармен бөгемеңіз. Проектордан шығатын жарық бұғатталса, жарық түсетін аймақ қызып, оның еруін, жануын тудырып, өртке себеп болуы мүмкін. Сондай-ақ, объектив шағылысатын жарықтың әсерінен қызуы мүмкін, бұл проектордың дұрыс жұмыс істемеуін тудырады. Проекциялауды тоқтату үшін, A/V Mute функциясын пайдаланыңыз немесе проекторды өшіріңіз.

- Егер **Direct Power On** параметрі **Extended** мәзіріндегі **On** күйіне орнатылса, проекторға қуат сымы жалғанған жағдайда ол автоматты түрде қосылады. Қуат сымы розеткаға қосылғанда, қуат өшкенннен кейінгі қалпына келу сияқты жағдайларда проектор автоматты түрде қосылатынын ескеріңіз.
  ☛ **Extended** - **Operation** - **Direct Power On** 105-6
- Егер **Auto Power On** параметрінде таңдалған бастапқы көздегі кескін сигналы кіріс сигнал көзі болса, проектор автоматты түрде қосылады.
  ☛ **Extended** - **Operation** - **Auto Power On** 105-6

Проекторды өшіру

- Проектордың ұзақ мерзім жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, оны пайдаланбаған кезде өшіріп тастаңыз. Жарық көздерінің жұмыс істеу мерзімі Configuration мәзірінің параметрлеріне, қоршаған орта жағдайларына және пайдалану шарттарына байланысты әртүрлі болады. Проекцияланған кескін жарықтығы проекциялау уақыты өткен сайын төмендейді.
- Проекторды тікелей ажыратқыш арқылы өшіруге болады, өйткені ол тікелей өшіру функциясын қолдайды.
- Қолданыс уақыты 100 сағатқа жеткен соң, проектор өшкен кезде Light Source Calibration функциясы автоматты түрде іске қосылады. Алайда проектор 24 сағаттан артық үздіксіз жұмыс істеген жағдайда немесе әрдайым тікелей өшірілген жағдайда ол автоматты түрде іске қосылмайды. **Run Now** пәрменін орындаңыз немесе жарық көзін жүйелі түрде реттеп тұру үшін, жоспарлау функциясы арқылы **Light Source Calibration** функциясын орнатыңыз.
  ☛ **Reset** - **Light Source Calibration**121-6
  ☛ «Оқиға жоспарын орнату» 74-6
- Егер Light Source Calibration функциясының автоматты түрде іске қосылғанын қаламасаңыз, **Run Periodically** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз.
  ☛ **Reset** - **Light Source Calibration** - **Run Periodically**121-6
- **Light Source Calibration** функциясы қосылған кезде, проекторды оқиғаға дейін кемінде 20 минутқа қосуға болады.
- Жарық көзіндегі ақ түстің балансын түзету үшін Light Source Calibration пәрменін орындаңыз.

1 Проектордағы [⏻] түймесін немесе қашықтан басқару пультіндегі [⏻] түймесін басыңыз.

Жұмысты аяқтауды растау экраны көрсетіледі.



2 [⏻] түймесін немесе қашықтан басқару пультіндегі [⏻] түймесін қайта басыңыз. (Бас тарту үшін, кез келген түймені басыңыз.)

Проекцияланған кескін жоғалып, Status индикаторы өшеді.

3 Проекторды тасымалдау немесе сақтау үшін, On/Standby индикаторы көк түсті (бірақ жыпылықтамайды) және күй индикаторы өшірулі екендігіне көз жеткізіңіз, кейін қуат сымын ажыратыңыз.



Проектор жарықтандыруға арналған ток өткізгіш шинаға орнатылған кезде, шина қуатын өшіріңіз.

Проекцияланатын кіріс көзінің түймесін таңдаңыз.

Төменде түймелер үшін кіріс порттары көрсетілген.

Қашықтықтан басқару пульті



Кіріс порт



❷ Желіге қосылған компьютер немесе мобильді құрылғыдан алынған кескіндерге ауысады.

❹ Spotlight режиміне ауысады.

Spotlight ретінде проектордың проекциялау жарығын пайдалануға болады.



1 Қашықтан басқару пультіндегі [Spotlight] түймесін басыңыз.



Spotlight режиміне ауысады.

2 Түсі мен пішінін өзгерту үшін қашықтықтан басқару пультіндегі [Effect] түймесін басыңыз.



Толық ақпарат алу үшін төмендегі веб-сайтқа кіріңіз.
☛ «Overlay Effect функциясын пайдалану» 46-б

SD картасына сақталған ойнату тізімін ойнатуға болады.



Epson Projector Content Manager, Epson iProjection (iOS/Android) немесе веб-браузер арқылы ойнату тізімін жасауға болады.

Epson Projector Content Manager бағдарламалық жасақтамасын келесі сайттан жүктеп алыңыз.

http://www.epson.com

Epson Projector Content Manager бағдарламалық жасақтамасын пайдалану әдісі туралы толық мәлімет алу үшін "Epson Projector Content Manager қолдану нұсқаулығы" қараңыз.

Ойнату тізімі бар SD картасын проекторға салыңыз.
☛ «Түрлі құрылғыларға қосу» 25-6

Назар аударыңыз

Келесі жағдайларда проектордан SD картасын немесе қуат сымын ажыратпаңыз.
Әйтпесе SD картасына жазылған деректер зақымдалуы мүмкін.

- Ойнату тізімін ойнату кезінде
- Ойнату тізімін көрсету кезінде

SD Card ойнату тізімін ойнату

SD картасына сақталған ойнату тізімін ойнату үшін, қашықтан басқару пультіндегі [SD ►] түймесін басыңыз. Оқиға жоспарланған кезде, ойнату тізімі кестедегі жоспарға сәйкес ойнатылады.
☛ «Time Table экраны» 45-6



Таңдаулы ойнату тізімін ойнату

Ойнату тізімдерін қашықтан басқару пультіндегі сандық түймелердің әрқайсысына (1-9) тағайындауға болады. Ойнату тізімі тағайындалған түймені басу арқылы ойнатқыңыз келген ойнату тізіміне оңай қатынаса аласыз.



Ойнату тізімдерін қашықтан басқару пультіндегі түймелерге тағайындау үшін, Epson Projector Content Manager, Epson iProjection (iOS/Android) функциясын немесе веб-браузерді пайдаланыңыз.

Ойнату тізімін таңдау және ойнату

SD картасына сақталған ойнату тізімін көрсетіп, оны ойнатуға болады.

1 Қашықтықтан басқару пультіндегі [SD Viewer] түймесін басыңыз.

SD картасына сақталған ойнату тізімдері көрсетіледі.



2 Ойнатқыңыз келген ойнату тізімін таңдау үшін [▲][▼][◀][▶] түймелерін пайдаланыңыз.



Таңдалған ойнату тізімі ойнатылады.

Проекторды пайдаланып, мобильді құрылғылар немесе компьютерлерден алынған ойнату тізімдерін өңдеуге болады.

Мобильді құрылғыны пайдалансаңыз, проекторды басқару үшін Epson iProjection (iOS/Android) қолданбасын пайдаланыңыз.

Epson iProjection (iOS/Android) қолданбасын App Store немесе Google Play қолданбалар дүкенінен тегін жүктеп алуға болады. 3.0 немесе соңғы нұсқасын пайдаланыңыз.

App Store немесе Google Play қолданбалар дүкенімен деректер алмасу кезінде келтірілген шығындар сатып алушының міндеті болып саналады.

Компьютерді пайдалансаңыз, проекторды веб-браузер арқылы басқару үшін Epson Web Control функциясын пайдаланыңыз.

Веб-браузерлер үшін Internet Explorer 11.0 немесе соңғы нұсқасын (Метродан басқасы) немесе Microsoft Edge браузерін пайдаланыңыз. Mac құрылғысы үшін Safari браузерін пайдаланыңыз.

Егер **Standby Mode** параметрін **Communication On** күйіне орнатсаңыз, тіпті проектор күту режимінде болса да (қуат өшірулі кезде) веб-шолғышты пайдаланып параметрлерді орнатуға және басқаруды орындауға болады.
☛ **Extended** - **Standby Mode** 105-6

Назар аударыңыз

Келесі жағдайларда проектордан SD картасын немесе қуат сымын ажыратпаңыз.
Әйтпесе SD картасына жазылған деректер зақымдалуы мүмкін.

- Ойнату тізімі экранын көрсету кезінде
- SD картасы экранын көрсету кезінде

Epson iProjection (iOS/Android) қолданбасы арқылы басқару

Remote экранын көрсету үшін, төмендегі процедураны орындаңыз.

Құрылғыңыз және проектор желіге қосуға дайын екенін тексеріңіз.

1. Құрылғыңызды қосылған проекторға сәйкес желіге қосыңыз.

   Қосылым әдісі құрылғыға байланысты әртүрлі болады. Толық мәлімет алу үшін, құрылғыңызбен бірге берілетін нұсқаулықты оқыңыз.

2. Құрылғыда Epson iProjection қолданбасын іске қосыңыз.

3. Мәзірдегі Remote түймесін басыңыз.

   Remote экраны көрсетіледі.

   ☛ «Remote экраны» 43-6

- Epson iProjection қолданбасындағы **Remote** түймесін басқан кезде, сізден пайдаланушы аты мен құпиясөзді енгізуді сұрайды.

  Пайдаланушы аты – "EPSONWEB"; әдепкі құпиясөз – "admin".
- Пайдаланушы атын өзгерту мүмкін емес. Құпия сөзді Конфигурация мәзіріндегі Network мәзірінен өзгертуге болады.

  ☛ **Network** - **Basic** - **Web Control Password** 110-6
- Тіпті құпия сөз өшірулі болса да веб-басқару құпия сөзі үшін пайдаланушы атын енгізуіңіз қажет.

Epson Web Control арқылы басқару (Веб-шолғыш)

Home экранын көрсету үшін, төмендегі процедураны орындаңыз.

Құрылғыңыз және проектор желіге қосуға дайын екенін тексеріңіз.

> Егер веб-браузер прокси сервері арқылы қосылатындай реттелген болса, Home экраны көрсетілмейді. Веб-басқару экранын көрсету үшін қосылым үшін прокси-сервер орнатылмайтындай параметрлерді орнату керек.

1 Құрылғыңызды қосылған проекторға сәйкес желіге қосыңыз.

Қосылым әдісі құрылғыға байланысты әртүрлі болады. Толық мәлімет алу үшін, құрылғыңызбен бірге берілетін нұсқаулықты оқыңыз.

2 Құрылғыңызда веб-браузерді іске қосыңыз.

3 URL өрісіне қосылған проектордың IP мекенжайын енгізіңіз, содан кейін қосыңыз.

Home экраны көрсетіледі.

1. **Remote**
   ☛ «Remote экраны» 43-б
2. **Playlists**
   ☛ «Playlists (Ойнату тізімі) экраны» 44-б
3. **OSD Control Pad**
   ☛ «OSD Control Pad экраны (тек Epson Web Control)» 45-б
4. **Settings**
   Settings (Параметрлер) экранына өтесіз.
5. **Advanced**
   Advanced экранына өтесіз.
6. **Crestron Connected**
   ☛ «Crestron Connected® туралы» 157-б
7. **SD Card**
   ☛ «SD Card экраны» 44-б
8. **Time Table**
   ☛ «Time Table экраны» 45-б

- Home экранындағы функцияларды орындаған кезде, сізден пайдаланушы аты мен құпиясөзді енгізу сұралуы мүмкін.
  Пайдаланушы аты – "EPSONWEB"; әдепкі құпиясөз – "admin".
- Пайдаланушы атын өзгерту мүмкін емес. Құпия сөзді Конфигурация мәзіріндегі Network мәзірінен өзгертуге болады.
  ☛ **Network** - **Basic** - **Web Control Password** 110-6
- Тіпті құпия сөз өшірулі болса да веб-басқару құпия сөзі үшін пайдаланушы атын енгізуіңіз қажет.
- Advanced экранынан тек төмендегі элементтерді ғана орната аласыз.
  - Monitor Password (16 жалғыз байттық әріптік-сандық таңбаға дейін)
    ☛ **Network** - **Basic** - **Monitor Password** 110-6
  - IPv6 параметрлері (Қолмен)
    ☛ **Network** - **IPv6 Settings** 111-6, 116-6
  - HTTP портын қосу (Веб басқару үшін пайдаланылатын порт нөмірі үшін, 80 нөмірінен басқасын пайдалану (әдепкі), 443, 843, 3620, 3621, 3625, 3629, 4352, 4649, 5357, 6454, 10000, 10001, 41794)
    ☛ **Network** - **Others** 119-6

Әр экранды көру

Remote экраны

Негізгі проектор әрекеттерін орындай аласыз.



1. Home экранына өткізеді. (Тек Epson Web Control)
2. Проекторды қосады немесе өшіреді.
3. Мақсатты кескінге ауысады.
4. Бейнені және дыбысты қосады немесе өшіреді.
5. Дыбыс деңгейін реттеуге болады.
6. Өзіңізге ұнайтын ойнату тізімін таңдаңыз.

Playlists (Ойнату тізімі) экраны

Ойнату тізімін басқаруға болады.



1. Home экранына өткізеді. (Тек Epson Web Control)
2. Жаңа ойнату тізімін жасаңыз.
3. Ойнату тізімін ойнатыңыз, тоқтатыңыз, әсерлер орнатыңыз, A/V mute пайдаланыңыз және дыбыс деңгейін реттеңіз.
4. Ойнату тізімдерін өңдеңіз немесе көшіріңіз және таңдаулы ойнату тізімдерін қосыңыз немесе жойыңыз.

SD Card экраны

Проекторға салынған SD картасын басқаруға болады.



1. Home экранына өткізеді. (Тек Epson Web Control)
2. Деректерді (ойнату тізімдері үшін пайдаланылатын фильмдер немесе қозғалмайтын кескіндер) SD картасына тасымалдайды.
3. SD картасынан деректерді жояды.

Time Table экраны

Кестені шолуға болады.



1. Home экранына өткізеді. (Тек Epson Web Control)
2. Кестені қосады немесе өшіреді.

> Epson Projector Content Manager кесте функциясын пайдалану арқылы ойнату тізімін ойнату күні мен уақытын көрсетуге болады.
> Нұсқауларды Epson Projector Content Manager қолдану нұсқаулығы қараңыз.

OSD Control Pad экраны (тек Epson Web Control)

Проектордың Конфигурация мәзірін пайдалануыңызға болады.



1. Home экранына өткізеді. (Тек Epson Web Control)
2. Конфигурация мәзірін көрсетеді және жабады.
3. Конфигурация мәзірін саусағыңызбен немесе тінтуірдің көмегімен басқара аласыз.
   Элементті таңдау үшін шертіңіз және таңдауды растау үшін басыңыз.
4. [Default] режимінде қосулы болады: Конфигурация мәзірінің нұсқаулығында Reset пәрмені көрсетіледі. Реттеліп жатқан параметрлер әдепкі мәндеріне оралады.
5. Конфигурация мәзіріндегі алдыңғы мәзір деңгейіне оралады.
6. OSD Control Pad экранын пайдалану туралы ақпаратты көрсетеді.

Spotlight немесе проекцияланған кескіндер үшін келесі әсерлерді орнатуға болады.

- Кескіндердің жиектерін қараңғылау
- Кескін пішінін өзгерту
- Кескін түсін өзгерту
- Кескін жарықтығын реттеу



Назар аударыңыз

Overlay Effect функциясын пайдалану кезінде SD картасын немесе қуат сымын проектордан ажыратпаңыз.
Әйтпесе SD картасына жазылған деректер зақымдалуы мүмкін.

Әр кіріс көзіне Overlay Effect функциясын орнатуға болады. SD карталары үшін әр ойнату тізімі үшін әсерлер орнатуға болады.

Әсер пішінін орнату

1. Spotlight немесе кескіндерді проекциялау кезінде [Effect] түймесін басыңыз.



Келесі экран көрсетіледі.



2. **Overlay Effect** функциясын **On** күйіне орнатыңыз.

3. **Shape Filter** таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.

4. Орнатылатын элементті таңдау үшін, [▲][▼] түймелерін басыңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.



Shape: Шеңбер немесе шаршы пішінін таңдауға немесе пайдаланушы пішінін жасауға болады. Shape Filter функциясын пайдаланбасаңыз, **Off** күйін таңдаңыз.

Filter Effect: Маска түсін, сондай-ақ таңдалған пішіннің ішкі жағын немесе сыртын маскалауға болатын не болмайтынын таңдаңыз.

Size: Таңдалған пішін үшін **Height** және **Width** параметрлерін орнату үшін [◀][▶] түймелерін пайдаланыңыз.

Position: Таңдалған пішін көрсетілетін позицияны орнату үшін [▲][▼][◀][▶] түймелерін пайдаланыңыз.

> Epson Projector Content Manager арқылы пайдаланушы пішіндерін жасауға болады.

5 Параметрлерді орнату процесін аяқтау үшін [Effect] түймесін немесе [Menu] түймесін басыңыз.

Әсер түсін реттеу

1 Spotlight немесе кескіндерді проекциялау кезінде [Effect] түймесін басыңыз.



Келесі экран көрсетіледі.



2 **Overlay Effect** функциясын **On** күйіне орнатыңыз.

3 **Color Filter** таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

4 **Color Filter** таңдап, содан кейін орнатқыңыз келген түсті таңдау үшін [◀][▶] түймелерін пайдаланыңыз. Осы параметрде жоқ түсті орнату үшін **Custom** режимін таңдаңыз.



5 **Custom** түсін реттеу үшін, **Custom** режимін таңдап, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.



6 [▲][▼] түймелері арқылы түсті таңдаңыз, содан кейін реттеу үшін [◀][▶] түймелерін басыңыз.



7 Параметрлерді орнату процесін аяқтау үшін [Effect] түймесін немесе [Menu] түймесін басыңыз.

Overlay Effect жарықтығын реттеу

1 Spotlight немесе кескіндерді проекциялау кезінде [Effect] түймесін басыңыз.



Келесі экран көрсетіледі.



2 **Overlay Effect** функциясын **On** күйіне орнатыңыз.

3 **Lightness** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

4 Lightness реттеу үшін [◀][▶] түймелерін пайдаланыңыз.



5 Параметрлерді орнату процесін аяқтау үшін [Effect] түймесін немесе [Menu] түймесін басыңыз.

Сынақ үлгісін көрсету

Бейне жабдықты қоспай проекция күйін реттеу үшін сынақ үлгісін көрсетуге болады.

1. Проекциялау кезінде [Pattern] түймесін басыңыз.
2. Сынақ үлгісін өзгерту үшін қашықтан басқару пультіндегі [◀][▶] түймелерін басыңыз.





Объектив жұмыстарымен қатар сынақ үлгісі көрсетіліп тұрғанда төмендегі кескін параметрлерін реттеуге болады.

Жоғарғы мәзірдің атауы	Ішкі мәзір/элементтер
Image	Color Mode ☛ 53-б
	White Balance
	Advanced - Gamma ☛ 57-б
	Dynamic Contrast ☛ 55-б
	Reset
Settings	Keystone ☛ 51-б Brightness Settings
Extended	Multi-Projection* ☛ 62-б

* Color Uniformity және Scale параметрлерінен басқасы

- Сынақ үлгісі көрсетіліп тұрғанда орнатылмайтын мәзір элементтерін орнату немесе проекцияланатын кескінді дәл реттеу үшін қосылған құрылғыдан кескін проекцияланыз.
- Сондай-ақ, сынақ үлгісін Конфигурация мәзірінен таңдауға болады.
  ☛ **Settings** - **Test Pattern** 103-6

3 Сынақ үлгісін жабу үшін [Esc] түймесін басыңыз.

Кескін өлшемін реттеу

1 Масштабтауды реттеу үшін қашықтан басқару пультіндегі [Zoom] (+/-) түймелерін басыңыз.



2 Реттеуді аяқтау үшін [Esc] түймесін басыңыз.

- Кескін өлшемін оптикалық масштабтау арқылы азайту кезінде, хабар көрсетіліп, проектор сандық масштабтауға ауысады.
- Кескін өлшемін сандық масштабтау арқылы ұлғаю кезінде, хабар көрсетіліп, проектор оптикалық масштабтауға ауысады.

Фокусты түзету

1 Фокусты реттеу үшін қашықтан басқару пультіндегі [Focus] (▲/▼) түймелерін басыңыз.



Фокусты реттеу экраны көк түспен көрсетіледі, сондықтан тіпті фокуста болмаса да, оны көру оңай болады.

2 Реттеуді аяқтау үшін [Esc] түймесін басыңыз.

Проекцияланған кескіндегі бұрмалануды түзету

Проекцияланған кескіндердегі трапеция тәрізді бұрмалануды келесі әдістердің біреуін пайдаланып түзетуге болады.

- H/V-Keystone түзету
  Көлденең және тік бағыттарда бұрмалануда жеке-жеке түзетуге мүмкіндік береді.
  ☛ «H/V-Keystone түзету» 51-б



- Quick Corner
  Төрт бұрышты жеке-жеке түзетіңіз.
  ☛ «Quick Corner» 52-б



H/V-Keystone түзету

Көлденең және тік бағыттарда бұрмалануда жеке-жеке түзетуге мүмкіндік береді.

1. Проекциялау кезінде [Keystone] түймесін басыңыз.

2. **H/V-Keystone** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



Егер "If this setting is changed, the image may be distorted." хабары көрсетілсе, [↵] түймесін басыңыз.

3. Түзету әдісін таңдау үшін [▲][▼] түймелерін пайдаланыңыз, содан кейін [◀][▶] түймелері арқылы түзетіңіз.



V-Keystone және **H-Keystone** опциялары арқылы трапеция тәрізді бұрмалауды түзетіңіз.

V-Keystone



H-Keystone



Трапеция тәрізді бұрмалануды түзеткенде, проекцияланған кескін кішіреюі мүмкін.

4 Түзетулерді аяқтау үшін [Menu] түймесін басыңыз.

Басқа түзету әдістерін біріктіруге болмайды.

Quick Corner

Бұл проекцияланған кескіннің төрт бұрышының әрқайсысын бөлек-бөлек түзетуге мүмкіндік береді.

1 Проекциялау кезінде [Keystone] түймесін басыңыз.

2 **Quick Corner** таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.



Егер "If this setting is changed, the image may be distorted." хабары көрсетілсе, [↵] түймесін басыңыз.

3 [▲], [▼], [◀] және [▶] түймелерін пайдаланып реттеу керек бұрышты таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



[Esc] түймесін шамамен екі секунд бассаңыз, әдепкі қалпына келтіруді растау экраны көрсетіледі.

Quick Corner түзетулерінің нәтижелерін ысыру үшін **Yes** жауабын таңдаңыз.

4 Бұрыш орнын реттеу үшін [▲], [▼], [◀] және [▶] түймелерін пайдаланыңыз.

[↵] түймесін басқанда, түзететін аймақты таңдауға мүмкіндік беретін 4-қадамда көрсетілген экран көрсетіледі.

Егер реттеу кезінде "Cannot adjust any further." хабары көрсетілсе, пішінді енді сұр үшбұрыш көрсеткен бағытта одан әрі реттеу мүмкін емес.



5 Қалған бұрыштардың кез келгенін реттеу үшін 3-ші және 4-ші қадамдарды қажетінше қайталаңыз.

6 Түзетулерді аяқтау үшін [Menu] түймесін басыңыз.

Проекциялау сапасын таңдау (Color Mode таңдау)

Проекциялау кезінде сіздің ортаңызға барынша сай келетін Color Mode режимін таңдау арқылы оңтайлы кескін сапасын оңай алуға болады. Кескіннің жарықтығы таңдалған режимге байланысты өзгеріп отырады.

1 Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.

2 **Image** ішінен **Color Mode** режимін таңдаңыз.



3 Орнатқыңыз келген элементті таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.

Dynamic: Бұл – ең жарық режим. Жарық бөлмеде пайдалану үшін тамаша.

Normal: Бұл **Dynamic** режиміне қарағанда кескін жарықтығын көбірек азайтады және кескіндерге табиғи түс береді.

4 Параметрлерді орнатуды аяқтау үшін [Menu] түймесін басыңыз.

Жарықтықты орнату

Жарық көзіне арналған жарықтықты орнатыңыз.

1 Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.

2 **Settings** ішінен **Brightness Settings** параметрлерін таңдаңыз.



3 **Light Source Mode** режимін таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.



4 Орнатқыңыз келген элементті таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.

Normal: жарықтық деңгейінің төмендеуін қаламасаңыз, осыны таңдаңыз. Ол мақсатты қолданыс уақытын шамамен 20 000 сағат жасайды.

Quiet: Егер сізге желдеткіштен шығатын шуыл ұнамаса, осы параметрді таңдаңыз, ол жарықтықты 50%-ға орнатады. Ол мақсатты қолданыс уақытын шамамен 20 000 сағат жасайды.

Extended: Жарық көзінің орташа қызметтік уақытын ұзарту үшін осы параметрді таңдаңыз. Ол жарықтықты 50%-ға орнатады. Ол мақсатты қолданыс уақытын шамамен 30 000 сағат жасайды.

Custom: Жарықтық деңгейін 50 - 100% аралығында орнату үшін осы параметрді таңдаңыз.

5 **Light Source Mode** режимі **Custom** параметріне орнатылғанда,**Brightness Level** мәнін таңдаңыз, содан

кейін [◀][▶] түймелерін пайдаланып, жарықтығын орнатыңыз.

Brightness Level параметрінде қателік болуы мүмкін.

6 Параметрлерді орнатуды аяқтау үшін [Menu] түймесін басыңыз.

Проекцияланған кескін жарығының мөлшерін баптау

Жарықтықты көрсеткілген кескіннің жарықтығына сай автоматты түрде орнату арқылы ол терең және қанық кескіндерді көруге мүмкіндік береді.

1 Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.

2 **Image** тармағынан **Dynamic Contrast** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



3 **Normal** немесе **High Speed** түймесін таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.

Параметр әр **Color Mode** режимі үшін сақталады.

4 Параметрлерді орнатуды аяқтау үшін [Menu] түймесін басыңыз.

Проекцияланған кескіннің арақатынасын өзгерту

Көрсетілген кескіннің Aspect Ratio өзгертуге болады.

- Кіріс сигналы HDMI болғанда, тек **Aspect** режимін орнатуға болады.
- Қолжетімді параметрлер проекцияланатын кіріс көзіне байланысты болады.

1 Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.

2 **Signal** тармағынан **Aspect** режимін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



3 Орнатылатын элементті таңдау үшін, [▲][▼] түймелерін басыңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.

Қатынас режимі	Түсіндірме
Auto	Енгізілген сигналдан алынған ақпарат негізінде тиісті арақатынаспен проекциялайды.
Normal	Кіріс кескіннің арақатынасын сақтай отырып проекциялайды.
4:3	4:3 арақатынасымен проекциялайды.
16:9	16:9 арақатынасымен проекциялайды.
Full	Проекцияланған экранның толық өлшемімен проекциялайды.
Zoom	Арақатынасты сақтай отырып, проекцияланған экранның толық еніне дейін кіріс кескінді үлкейту арқылы проекциялайды. Проекцияланған экранның жиектерінен асатын аумақтар проекцияланбайды.
Native	Кіріс кескін ажыратымдылығымен проекцияланған экранның ортасына проекциялайды. Проекцияланған экранның жиектерінен асатын аумақтар проекцияланбайды.

4 Параметрлерді орнатуды аяқтау үшін [Menu] түймесін басыңыз.

Кескін пішімінің режимі төмендегі кестелерде көрсетілгендей өзгереді.

▭: Кескін пішімінің параметріне байланысты кескіндер көрсетілмейтін аумақ.

	Кіріс сигналының кескін пішімі		
	16:10	16:9	4:3
Auto немесе Normal			
16:9			
Full			
Zoom			
Native*			

* Кескін кіріс сигналының ажыратымдылығына байланысты ерекшеленуі мүмкін.

Проекцияланған кескіннің Gamma мәнін реттеу

Айырмашылықтарды қосылған құрылғыға байланысты пайда болатын жартылай реңкте реттеуге болады.

Түсірілген фотосуретті проекциялау арқылы реттеңіз. Gamma параметрін фильмдерді пайдалану арқылы дұрыс реттеуге болмайды.

1. Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.
2. **Image** тармағынан **Advanced** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



3. **Gamma** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.
4. [▲][▼] түймелерін түзету мәнін таңдау үшін пайдаланыңыз, содан кейін таңдауды растау үшін [↵] түймесін басыңыз.



Үлкенірек мән таңдалғанда кескіндегі күңгірт аймақтар жарығырақ болады, бірақ түсі ақшылдау келген аймақтардың түс қанықтылығы көмескіленуі мүмкін. Кішірек мән таңдалғанда, кескіннің ашықтығын арттыру үшін кескіннің жалпы жарықтылығын азайтуға болады.

5 Параметрлерді орнатуды аяқтау үшін [Menu] түймесін басыңыз.

Келесі әдістердің бірін пайдаланып, Audio Out портына қосылған сыртқы динамиктен аудио шығысының дыбыс деңгейін реттеуге болады.

- Дыбыс деңгейін реттеу үшін қашықтан басқару пультінде [Volume] түймелерін басыңыз.
  [🔊] Дыбыс деңгейін арттырады.
  [🔈] Дыбыс деңгейін азайтады.



- Дыбыс деңгейін Конфигурация мәзірінен реттеңіз.
  ☛ **Settings** - **Volume** 103-б

⚠ Абай болыңыз

Жоғары дыбыс деңгейінен бастамаңыз.
Тым қатты дыбыс деңгейі есту қабілетін жоғалтуға әкелуі мүмкін. Қуатты өшірмей тұрып әрқашан дыбыс деңгейін төмендетіңіз, осылайша қуатты қосуға және дыбыс деңгейін біртіндеп арттыруға болады.

Кескінді және дыбысты уақытша жасыру (A/V Mute)

Проекцияланған кескінді уақытша жасыруға және аудио дыбысын өшіруге болады. Кез келген дыбыс немесе бейне әрекеті орындалуын жалғастырады, алайда проекциялауды тоқтаған жерден жалғастыра алмайсыз.



Қашықтан басқару пультіндегі [A/V Mute] түймесін басқан сайын A/V Mute қосылады немесе өшеді.



Пайдалы функциялар

Бұл бөлімде Multi-Projection функциясы мен синхрондалған ойнату туралы сипатталады.

Бір үлкен кескінді проекциялау үшін бірнеше проекторды орнатуға болады.
Біртұтас экран жасау үшін проекцияланған кескіндердің арасындағы жарықтық пен түс реңкінің айырмашылығын реттей аласыз.

- Фокусты проекциялауды бастағаннан кемінде 20 минуттан кейін орнатып, масштабтаған жөн, себебі проекторды қосқан кезде кескіндер тұрақты болмайды.
- **Keystone** мәндері үлкен болса, қабаттасатын кескіндер үшін кескін позициясын реттеу қиын болуы мүмкін.
- Бейне жабдықты қоспай проекция күйін реттеу үшін Test Pattern көрсетуге болады.
  ☛ «Сынақ үлгісін көрсету» 49-б
- Үлкейту немесе азайтусыз проекциялана алатын нүктелі кескінді проекцияласаңыз, реттеулер дәл орындала алады.

Реттеу процедурасы

Алдын ала дайындау

(1) Барлық проекторды қосыңыз.

(2) Барлық проектордың және қашықтықтан басқару пультінің идентификаторын орнатыңыз.
☛ «Проектор идентификаторын орнату» 63-б

Проекцияланған кескіндерді реттеу

(1) Проекцияланған позицияны реттеу.
☛ «Проекциялау бұрышын топсалы қосылыс арқылы реттеңіз» 23-б
☛ «Кескін бағдарын орнату (Проекциялау)» 29-б
☛ «Проекцияланған кескіндегі бұрмалануды түзету» 51-б

(2) Кескіндердің арақатынасын реттеңіз.
☛ «Проекцияланған кескіннің арақатынасын өзгерту» 56-б

(3) Масштаб пен фокусты реттеңіз.
☛ «Кескін өлшемін реттеу» 50-б
☛ «Фокусты түзету» 50-б

(4) Кескіндердің жиектерін реттеңіз.
☛ «Кескіндер қабаттасқан (Edge Blending) жердегі нүктелерді реттеу» 64-б

(5) Кескіндердің бөліктерін реттеңіз.
☛ «Масштабталған кескінді көрсету» 66-б

Проектор идентификаторын орнату

Проектор мен қашықтан басқару құралына идентификатор орнатылған кезде, қашықтан басқару құралын идентификаторы сәйкес келетін проекторды ғана басқару үшін қолдануға болады. Бұл мүмкіндік бірнеше проекторды басқарған кезде пайдалы. 9 идентификаторға дейін орнатуға болады.

Қашықтан басқару құралымен тек жұмыс істеу ауқымындағы проекторларды басқару мүмкін.

☛ «Қашықтықтан басқару пультінің жұмыс ауқымы» 28-б

Проектор идентификаторын орнату

1. Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.
   ☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 97-б
2. **Extended** ішінен **Multi-Projection** параметрін таңдаңыз.
3. **Projector ID** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.
4. Идентификатор нөмірін таңдау үшін, [▲][▼] түймелерін басыңыз.



5. [↵] түймесін басыңыз.
6. Параметрлерді орнатуды аяқтау үшін [Menu] түймесін басыңыз.

Қашықтан басқару пульті арқылы басқарғыңыз келген басқа проекторлардың барлығына осы қадамдарды қайталаңыз.

Басқарғыңыз келген проекторды таңдау

Проектордың идентификаторын орнатқаннан кейін қашықтан басқару пульті арқылы басқарғыңыз келген проектор идентификаторын таңдаңыз.

1. Қашықтықтан басқару пультін мақсатты проекторға бағыттап, [ID] түймесін басыңыз.



Ағымдағы проектор идентификаторы проекцияланған экранда көрсетіледі. Шамамен 3 секундтан кейін жоқ болады.



2 [ID] түймесін басып тұрғанда, басқарғыңыз келген проектордың идентификаторына сәйкес келетін нөмір түймесін басыңыз.



Басқару қажет проектор таңдалады.

3 Идентификаторды орнату процесінің орындалғанын тексеру үшін, [ID] түймесін басыңыз.

Проектор арқылы көрсетілген хабарды көресіз.

- Қашықтықтан басқару пульті тізімде **On** ретінде берілсе, проекторды қашықтықтан басқару пультінен басқаруға болады.
- Қашықтықтан басқару пульті тізімде **Off** деп көрсетілсе, проекторды қашықтықтан басқару пульті арқылы басқару мүмкін емес. Қашықтықтан басқару пультін қосу үшін жоғарыдағы қадамдарды қайталаңыз.

- Қашықтықтан басқару пульті арқылы 0 мәнін таңдаған кезде, Projector ID параметріне қарамастан барлық проекторды басқаруға болады.
- Проекторды қосқан сайын басқару үшін орнатылған проектор идентификаторын қашықтықтан басқару пультінен таңдауыңыз тиіс. Проекторды қосқан уақытта, 0 мәні қашықтықтан басқару пультінің проектор идентификаторы ретінде таңдалады.
- **Projector ID** параметрін **Off** күйіне орнатқан кезде, қашықтықтан басқару пультіндегі идентификаторға қарамастан қашықтықтан басқару пульті арқылы проекторды басқаруға болады.

Кескіндер қабаттасқан (Edge Blending) жердегі нүктелерді реттеу

Біркелкі экранды жасау үшін қабаттасатын аймақтарды дәл реттеуге болады.



1 Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.

2 **Extended** ішінен **Multi-Projection** параметрін таңдаңыз.

3 **Edge Blending** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

Келесі экран көрсетіледі.



Ішкі мәзір	Функция
Edge Blending	Edge Blending белсендіру үшін **On** күйіне орнатыңыз.

Ішкі мәзір	Функция
Top Edge/ Bottom Edge/ Left Edge/ Right Edge	**Blending**: Edge Blending опциясын параметрлеріңізге сәйкес белсендіру үшін, **On** күйіне орнатыңыз, содан кейін араластыру ауқымы күңгірттеледі. **Blend Range**: Көлеңкеленетін ауқымды реттейді. Бір пиксель деңгейіне дейін реттеу мүмкін. Максималды ауқым – ажыратымдылықтың 45%-ы.
Blend Curve	3 түрлі көлеңкелеу функциясын таңдауға болады.
Line Guide	Edge Blending параметр ауқымында бағыттауышты көрсету үшін **On** күйіне орнатыңыз.
Pattern Guide	Edge Blending параметр ауқымының күйіне сәйкес болатындай бағыттауышты көрсету үшін **On** күйіне орнатыңыз.
Guide Color	Берілген үш түстің ішінен бағыттауыш түстердің тіркесімін таңдаңыз.

4 **Edge Blending** режимін **On** күйіне орнатыңыз.

5 **Line Guide** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.

Бағыттауыш анық көрінбесе, **Guide Color** ішінде бағыттауыштың түсін өзгертуге болады.

6 **Pattern Guide** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.

7 **Top Edge**, **Bottom Edge**, **Left Edge** немесе **Right Edge** мәндерін қабаттасатын кескіннің бөлшектеріне сәйкес орнатыңыз.

Мұнда экранды (1) орнату жолы мысал ретінде көрсетілген.



Жоғарыдағы мысалда кескіннің (1) сол жағындағы қабаттасатын аймақтар көрінетіндіктен **Left Edge** күйін реттеу қажет.

(1) **Left Edge** таңдаңыз, кейін [↵] түймесін басыңыз.

(2) **Blending** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

(3) **On** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

(4) [Esc] түймесін басыңыз.

(5) **Blend Range** параметрінде күңгірттелетін ауқымды (3) реттеңіз.
Айқасқан ауқым мен бағыттауыш бір орында болғандағы мән ең тиісті болып табылады.



(6) [Esc] түймесін басыңыз.

8 **Blend Curve** параметрін орнатыңыз.

(1) **Blend Curve** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

(2) **1** - **3** ішінен көлеңкелеу мөлшерін таңдап, [↵] түймесін басыңыз.

(3) [Esc] түймесін басыңыз.

9 Реттеу орындалғаннан кейін аяқтау үшін **Line Guide** және **Pattern Guide** параметрлері **Off** күйіне орнатылуы тиіс.

Масштабталған кескінді көрсету

Кескіннің бір бөлігі кесіп алынады және көрсетіледі. Бұл бірнеше проектордан проекцияланған кескіндерді араластырып бір үлкен кескін жасауға мүмкіндік береді.



1 Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.

2 **Extended** ішінен **Multi-Projection** параметрін таңдаңыз.

Осымен қатар дәл осы операцияны **Signal** параметріндегі **Scale** пәрмені арқылы орындауға болады.

3 **Scale** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

4 **Scale** режимін **On** күйіне орнатыңыз.

5 **Scale Mode** режимін таңдаңыз.

Zoom Display: Ағымдағы көрсетілген кескінге сай реттейді.

Enlarge

Move

Full Display: Проектор тақтасының көлеміне сай реттейді (кескінді көрсетуге болатын ең үлкен аймақ).

Enlarge



Move



6 Масштабты реттеңіз.

Реттеу әдісін [▲][▼] түймелерімен таңдап, [◀][▶] түймелерімен реттеңіз.

-+: Кескінді бір уақытта көлденең және тігінен үлкейтеді немесе кішірейтеді.

Scale Vertically: Кескінді тігінен үлкейтеді немесе кішірейтеді.

Scale Horizontally: Кескінді көлденеңінен үлкейтеді немесе кішірейтеді.

7 Кескін ұсталды және реттелді.

(1) **Clip Adjustment** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.
Егер **Clip Range** параметрін таңдасаңыз, проектор проекциялайтын кескін ауқымы мен координаталары көрсетіледі.

(2) Кескінді айналдыру үшін [▲], [▼], [◀] және [▶] түймелерін пайдаланыңыз.
Экранды көру барысында кескіннің координаталары мен көлемін реттеңіз.

Бүкіл кескінді **Clip Range** ішінен ұстағаннан кейін көрсетілген аймақты тексере аласыз.

8 Реттеулерді аяқтау үшін [Menu] түймесін басыңыз.

Проекцияланған бірнеше кескінді реттеу

Біркелкі емес түстерді реттеу (Color Uniformity)

Толық экранның түсті реңкінің тепе-теңдігін реттейді.

Түс реңкі тіпті Color Uniformity функциясын орындаған соң да бірдей болмауы мүмкін.

1 Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.

2 **Extended** ішінен **Multi-Projection** параметрін таңдаңыз.

3 **Color Uniformity** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



Color Uniformity: Color Uniformity режимін **On** немесе **Off** күйіне орнатады.

Adjustment Level: Ақ түстен сұр түске, сондай-ақ, қара түске дейін сегіз деңгей бар. Әрбір деңгейді бөлек реттей аласыз.

Start Adjustments: Color Uniformity реттей бастайды.

Reset: Барлық **Color Uniformity** реттеулері мен параметрлерін бастапқы мәндеріне қалпына келтіреді.

Color Uniformity параметрін реттеу барысында кескін бұрмаланған болуы мүмкін. Реттеулер аяқталған соң кескін қалпына келеді.

4 **Color Uniformity** режимін **On** күйіне орнатыңыз.

5 **Adjustment Level** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

6 Реттеу деңгейін орнату үшін [◀][▶] түймелерін пайдаланыңыз.

7 Алдыңғы экранға оралу үшін [Esc] түймесін басыңыз.

8 **Start Adjustments** күйін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

9 Реттегіңіз келетін аймақты таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

Алдымен сыртқы аймақтарды, сосын барып бүкіл экранды реттеңіз.



10 [▲][▼] түймелері арқылы түсті таңдаңыз, содан кейін реттеу үшін [◀][▶] түймелерін басыңыз.

Түс реңкін азайту үшін [◀] түймесін басыңыз. Түс реңкін күшейту үшін [▶] түймесін басыңыз.

11 5-қадамға оралып, әрбір деңгейді реттеңіз.

12 Реттеулерді аяқтау үшін [Menu] түймесін басыңыз.

Реңкті (Color Matching) реттеу

Әр кескіннің түсін реттеңіз.

Барлық проекторды қосыңыз, содан кейін әр проектор үшін **Extended** мәзіріндегі **Color Matching** режимін реттеңіз. Түстер мен жарықтықтар бүкіл проекцияланған кескін үшін біркелкі болатындай реттеңіз.

1. Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.
2. **Extended** ішінен **Multi-Projection** параметрін таңдаңыз.
3. **Color Matching** параметрін таңдаңыз, содан кейін [↵] түймесін басыңыз.



Келесі экран көрсетіледі.



Қабаттасатын аймақтың жартысы қара түсте көрсетіледі, сондықтан кескіннің жиегін тексеру оңай болады.



Adjustment Level: Ақ түстен сұр түске, сондай-ақ, қара түске дейін сегіз деңгей бар. Әрбір деңгейді бөлек реттей аласыз.

Red, Green, Blue: Әр түстің реңкін реттейді.

Brightness: Кескін жарықтығын реттейді.

> [↵] түймесі басылған сайын, бұл экран проекцияланған кескін мен реттеу экраны арасында ауысып отырады.

4. Реттеу деңгейін орнату үшін **Adjustment Level** параметрін таңдаңыз да, [◀][▶] түймесін пайдаланыңыз.
5. **Red**, **Green** немесе **Blue** таңдаңыз да, түс реңкін реттеу үшін [◀][▶] түймелерін басыңыз.

6 **Brightness** таңдаңыз да, жарықтығын реттеу үшін [◀][▶] түймелерін пайдаланыңыз.

7 1-қадамға оралып, әрбір деңгейді реттеңіз.

8 Алдыңғы экранға оралу үшін [Esc] түймесін басыңыз.

Бірнеше проекторда бір уақытта бір ойнату тізімін проекциялауға болады.



Epson Projector Content Manager арқылы ойнату тізімдерін жасап, графигін құрыңыз. Epson Projector Content Manager бағдарламалық жасақтамасын пайдалану әдісі туралы толық мәлімет алу үшін "Epson Projector Content Manager қолдану нұсқаулығы" қараңыз.

Синхронды ойнататын барлық проектордың атауы мен күн/уақытты алдын ала дұрыс орнатыңыз.

☛ **Basic** - **Projector Name** 110-б
☛ «Күн және уақытты орнату» 31-б

- Желі күйіне байланысты ойнату уақыттары өзгеруі мүмкін. Сымды LAN арқылы қосылуды ұсынамыз.
- Ойнату тізімдерін Epson iProjection (Android/iOS) немесе веб-браузер арқылы да жасауға болады.
  ☛ «Мобильді құрылғы немесе компьютер арқылы проекторды пайдалану» 41-б
- Қатарынан проекциялайтын бірнеше проектордың түсін реттеу үшін төмендегіні қараңыз.
  ☛ «Біркелкі емес түстерді реттеу (Color Uniformity)» 68-б

Синхрондалған ойнатуды іске қосу

1. Проекторге SD картасын салыңыз.
2. Қашықтықтан басқару пультіндегі [SD ►] түймесін басыңыз.
3. Синхрондалған ойнату процесі кестеде көрсетілген күн/уақытта іске қосылады.

Пайдаланушының логотипін сақтау

Проектор қосылған кезде көрсеткіңіз келген кескінді (User's Logo) орнатыңыз. Проектор кіріс сигналын қабылдамаған кезде пайдаланушы логотипін көрсетуге болады.

Сонымен қатар ұрлықты болдырмау мақсатында проектор иесін анықтауда пайдалы болатын пайдаланушы логотипі ретінде фотосурет, сызба немесе компания логотипін таңдауға болады. Сонымен қатар пайдаланушы логотипіне құпиясөз орнатып, оны ешкім өзгерте алмайтындай жасауға болады.

Пайдаланушы логотипі сақталғаннан кейін логотипті зауыттық әдепкі мәнге қайтару мүмкін емес.

1 Пайдаланушының логотипі ретінде сақтау керек кескінді проекциялаңыз, содан кейін [Menu] түймесін басыңыз.

☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 97-б

2 **Extended** ішінен **User's Logo** тармағын таңдаңыз.

- **Password Protection** ішіндегі **User's Logo Protection** параметрі **On** күйіне орнатылған болса, хабар көрсетіледі және пайдаланушының логотипін өзгерту мүмкін болмайды. **User's Logo Protection** параметрін **Off** күйіне орнатқаннан кейін операцияларды орындаңыз.

  ☛ «Password Protection түрлері» 77-б

- **User's Logo** функциясын орындау кезінде Keystone немесе Aspect режимін таңдасаңыз, ағымдағы орындалып жатқан функция уақытша кідіреді.

3 "Choose this image as the User's Logo?" хабары көрсетілгенде **Yes** пәрменін таңдаңыз.

[↵] түймесін басқанда, экран өлшемі кескін сигналының іс жүзіндегі ажыратымдылығына сәйкес болу үшін сигналға байланысты өзгеруі мүмкін.

4 Пайдаланушының логотипі ретінде пайдаланатын кескіннің бөлігін таңдау үшін ұяшықты жылжытыңыз.





400x300 нүктеге дейінгі өлшеммен сақтауға болады.

5 [↵] түймесін басқанда "Select this image?" хабары көрсетілсе, **Yes** тармағын таңдаңыз.

6 Масштабты орнату экранынан масштабтау коэффициентін таңдаңыз.

7 "Do you save this image as the User Pattern?" хабары көрсетілгенде **Yes** пәрменін таңдаңыз.

Кескін сақталады. Кескін сақталғаннан кейін "Completed." хабары көрсетіледі.

Пайдаланушы логотипі сақталғанда алдыңғы пайдаланушы логотипі өшіріледі.

Жоспардағы оқиғалар сияқты проектор қуатын қосуды/өшіруді және кіріс көзін ауыстыруды жоспарлауға болады. Тіркелген оқиғалар көрсетілген күндерде немесе апта сайын белгіленген уақытта автоматты түре орындалады.
30 **Schedule** оқиғаға дейін тіркеуге болады.

Ескерту

Объективтің алдына тұтанғыш заттарды қоймаңыз. Проектордың автоматты түрде қосылуын жоспарласаңыз, объективтің алдындағы жанғыш заттар тұтануы мүмкін.

- **Password Protection** экранында **Schedule Protection** құпиясөзі **On** күйіне орнатылса, алдымен **Off** күйіне орнату қажет.
- Проектор 24 сағаттан артық үздіксіз пайдаланылса немесе үнемі қуат розеткасынан шығару арқылы өшірілетін болса, Light Source Calibration қосылмайды. **Run Now** пәрменін орындаңыз немесе жарық көзін жүйелі түрде реттеп тұру үшін, жоспарлау функциясы арқылы **Light Source Calibration** функциясын орнатыңыз.
  ☛ **Reset** - **Light Source Calibration** 121-б
- Егер Light Source Calibration функциясының автоматты түрде іске қосылғанын қаламасаңыз, **Run Periodically** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз.
  ☛ **Reset** - **Light Source Calibration** - **Run Periodically** 121-б
- Light Source Calibration функциясы қосылған кезде, проекторды оқиғаға дейін кемінде 20 минутқа қосуға болады.
- Жарық көзіндегі ақ түстің балансын түзету үшін Light Source Calibration пәрменін орындаңыз.

1 Проекциялау кезінде [Menu] түймесін басыңыз.

☛ «Конфигурация мәзірін пайдалану» 97-б

2 **Extended** ішінен **Schedule Settings** тармағын таңдап, [↵] түймесін басыңыз.

3 **Add New** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

4 Жоспарды орнатыңыз.

Ішкі мәзірдің атауы	Функция
Event Settings	Оқиға орындалған кездегі проектордың операциясын таңдаңыз. Оқиға орын алған кезде өзгергенін қаламайтын тармақтар үшін **No Change** опциясын таңдаңыз. Келесі элемент операцияларын орнатуыңызға болады. **Schedule** • Power • Source • Light Source Mode • A/V Mute • Light Source Calibration • Volume

Ішкі мәзірдің атауы	Функция
Date / Time Settings	Оқиғаны орындайтын күнді, апта күнін және уақытты орнатыңыз. Төрт аптадан кейін орнатуға болады. Бағдарламалық пернетақтаны пайдаланып күн мен уақытты енгізіңіз. ☛ «Бағдарламалық пернетақта әрекеттері» 110-б

5 **Save** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

Қосымша оқиғаларды тіркеу үшін, 3-5 аралығындағы қадамдарды орындаңыз.

Экранда тіркелген оқиға көрсетіледі. Оқиға күйі мен уақыты белгішелер немесе индикаторлармен көрсетіледі.

❶ : жарамды жоспар

: тұрақты жоспар

: жарамсыз жоспар

❷ Ағымдағы уақытта таңдалған күн (сары түспен белгіленеді)

❸ : бір реттік жоспар

: тұрақты жоспар

: күту режиміндегі жоспар (күту режимінде байланысты қосады немесе өшіреді)

: жарамсыз жоспар

6 Жоспарланған оқиғаны өңдеу үшін, жоспарды таңдап, **ESC** пернесін басыңыз.

7 Көрсетілген мәзірден опцияны таңдаңыз.

- **On** немесе **Off** таңдалған оқиғаны қосуға немесе өшіруге мүмкіндік береді.
- **Edit** функциясы оқиға мәліметтерін немесе күн мен уақытты өзгертуге мүмкіндік береді.
- **Clear** функциясы тізімнен жоспарланған оқиғаны алып тастауға мүмкіндік береді.

8 **Complete** мәзірін, содан кейін **Yes** пәрменін таңдаңыз.

Жоспарланған оқиғалардың барлығын жою үшін **Schedule Reset** функциясын таңдаңыз.


Schedule Settings
Back to Configuration Setup menu
Schedule
Extended Schedule
Schedule Reset
Setup complete
Save the schedule settings?
Yes
No
Cancel
Select
Done

Құпиясөз біреудің проекторды алдымен құписөзді енгізбей пайдалануына жол бермейді. Сондай-ақ іске қосылу кезінде көрсетілетін экран сияқты параметрлердің өзгеруіне жол бермейді.

Бұл – ұрлыққа қарсы функция, проекторыңыз ұрланса, оны пайдалана алатын адамдардың санын шектеуге болады.

Password Protection түрлері

Бір ортақ құпиясөзді пайдаланып, құпиясөз қауіпсіздігінің келесі түрлерін орнатуға болады:

- **Power On Protection** құпиясөзін енгізбейінше, проекторды ешкім пайдалана алмайды. Қуат сымын розеткаға қосып, проекторды бірінші рет қосқан уақытта дұрыс құпиясөз енгізуіңіз қажет. Бұл сондай-ақ Direct Power On және Auto Power On режимдері үшін қолданылады.
- **User's Logo Protection** құпиясөзі проектор қосылған кезде немесе сигнал кірістірілмегенде, біреудің пайдаланушы экранын өзгертуіне жол бермейді. Реттелмелі экран проектордың иесін анықтайды, осылаша ұрланған проекторды қолдану мүмкін болмай қалады.
- **Network Protection** құпиясөзі проектордың **Network** параметрлерін өзгелердің өзгертуіне жол бермейді.
- **Schedule Protection** құпиясөзі проектордың жоспар параметрлерінің өзгеруіне жол бермейді.

Құпиясөзді орнату

Құпиясөз қауіпсіздігін пайдалану үшін құпиясөзді орнату қажет.

> Әдепкі құпия сөз "0000" мәніне орнатылады. Мұны өзіңіздің құпия сөзіңізге өзгертіңіз.

1 Басқару панеліндегі [Effect] түймесін 5 секунд бойы басып ұстап тұрыңыз.



Құпиясөз қорғанысы параметрінің мәзірі көрсетіледі.

> Егер Password Protection параметрі белсендірілсе, құпиясөз қорғанысы параметрінің мәзірін көрсету үшін дұрыс құпиясөз енгізу қажет.

2 **Password** параметрін таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



"Change the password?" хабары көрсетіледі.

3 **Yes** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

> **No** нұсқасы таңдалса, Password Protection параметрінің мәзірі қайта көрсетіледі.

4 Төрт сандық құписөз орнату үшін сандық түймелерді басыңыз.



Құпиясөз енгізілгенде "***" ретінде көрсетіледі. Төртінші санды енгізген кезде растау хабары көрсетіледі.

5 Құпиясөзді қайта енгізіңіз.

"Password accepted." хабары көрсетіледі. Егер құпия сөзді дұрыс енгізсеңіз, құпия сөзді қайта енгізуді сұрайтын хабар көрсетіледі.

6 Мәзірге оралу үшін [Esc] түймесін басыңыз.

7 Құпиясөзді жазып алып, оны қауіпсіз жерде сақтаңыз.

Құпиясөз қауіпсіздігінің түрлерін таңдау

Құпиясөзді орнатқаннан кейін, пайдаланғыңыз келген құпиясөз қауіпсіздігінің түрлерін таңдауға мүмкіндік беретін осы мәзір көрсетіледі.



Осы мәзір көрсетілмесе, мәзір көрсетілгенше қашықтықтан басқару пультіндегі [Effect] түймесін 5 секунд бойы басып тұрыңыз.

- Проектордың рұқсатсыз пайдаланылмауы үшін, **Power On Protection** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.
- Пайдаланушы логотипі экранындағы немесе қатысты дисплей параметрлеріндегі өзгерістерге жол бермеу үшін, **User's Logo Protection** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.
- Желі параметрлеріндегі өзгерістерге жол бермеу үшін, **Network Protection** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.
- Проектордың жоспар параметрлеріне өзгеріс енгізуге жол бермеу үшін, **Schedule Protection** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.

Ұрлықтан қорғаудың қосымша шарасы ретінде проектордың құпиясөзбен қорғалғандығы туралы жапсырманы бекітіп қоюыңызға болады.

Қашықтан басқару пультін қауіпсіз жерге сақтаңыз. Қашықтан басқару пультін жоғалтып алсаңыз, құпиясөзді енгізе алмайсыз.

Проекторды пайдалану үшін құпиясөзді енгізу

Құпиясөз экраны көрсетілген кезде дұрыс құпиясөзді енгізіңіз.



1 Құпиясөз енгізу үшін сандық түймелерді басыңыз.



Құпиясөз экраны жабылады.

2 Құпиясөз қате болса, әрекетті қайталау жөніндегі хабар көрсетіледі. Жалғастыру үшін дұрыс құпиясөзді енгізіңіз.

Назар аударыңыз

- Егер құпиясөз қатарынан үш рет дұрыс енгізілмесе, "The projector's operation will be locked." (Проектор жұмысы құлыпталды.) хабары шамамен бес минут бойы көрсетіледі, содан кейін проектор күту режиміне ауысады. Егер осылай болса, қуат ашасын розеткадан ажыратып, қайта сұғыңыз және проекторды қайтадан қосыңыз. Проектор дұрыс құпия сөзді енгізу үшін құпия сөзді енгізу экранын қайтадан көрсетеді.
- Егер құпиясөзді ұмытсаңыз, экранда пайда болатын "**Request Code**: xxxxx" нөмірін жазып алып, жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімі ішінде берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз.
- Жоғарыдағы әрекетті қайталай берсеңіз және қате құпиясөзді қатарынан 30 рет енгізсеңіз, "The projector's operation will be locked. Contact Epson as described in your documentation." (Проектор жұмысы құлыпталды. Құжаттамада көрсетілгендей Epson компаниясына хабарласыңыз.) хабары көрсетіледі және проектор ешқандай құпиясөз енгізулерін қабылдамайды. Жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімі ішінде берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз.
  ☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*

Проекторды желіде пайдалану

Проекторды желіде пайдалануға орнату үшін осы бөлімдегі нұсқауларды орындаңыз.

Кескіндерді проекторға сымды желі арқылы жіберуге болады. Осылай жасау үшін, проекторды желіге қосыңыз және содан кейін проектор мен компьютерді желілік проекцияға орнатыңыз.

Проекторды қосып, желі параметрлерін орнатқаннан кейін, веб-сайттан Epson iProjection (Windows/Mac) бағдарламалық жасақтамасын жүктеп алып, оны орнатыңыз.

Epson iProjection бағдарламалық жасақтамасын келесі веб-сайттан жүктеп алыңыз.

http://www.epson.com

Epson iProjection бағдарламалық жасақтамасы компьютерді желілік проекцияға орнатады. Сондай-ақ желіге қосылған бірнеше компьютерден алынған кескіндерді бірдей уақытта проекциялауға болады. Нұсқаулар ретінде Epson iProjection қолдану нұсқаулығын (Windows/Mac) қараңыз.



Сымды LAN параметрлерін таңдау

Желіде компьютерлерден проекциялау алдында, проектордағы желі параметрлерін таңдау қажет.

Параметрлерді орнатпас бұрын, LAN кабелін проектордағы LAN портына жалғаңыз.

☛ «Түрлі құрылғыларға қосу» 25-6

1 Қашықтықтан басқару пультіндегі [Menu] түймесін басыңыз.

2 **Network** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



3 **Network Configuration** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

4 **Basic** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



5 Қажет болса, негізгі опцияларды таңдаңыз.

- **Projector Name**: желі бойынша проекторды анықтауға пайдаланылатын проектордың атауын енгізіңіз. 16 дейін жалғыз байттық әріп-сандық таңбаларды енгізуге болады.
- **PJLink Password**: проекторды басқаруға арналған PJLink протоколын пайдалану үшін құпиясөз орнатуға мүмкіндік береді. 32 дейін жалғыз байттық әріп-сандық таңбаларды енгізуге болады.
- **Web Control Password**: проекторды Epson iProjection немесе Epson Web Control арқылы ашуға арналған құпиясөзді орнатуға мүмкіндік береді. 8 дейін жалғыз байттық әріп-сандық таңбаларды енгізуге болады. (Пайдаланушы аты – **EPSONWEB**; әдепкі бойынша құпия сөз – **admin**.)
- **Moderator Password**: проекторға модератор ретінде Epson iProjection функциясы арқылы қосқан кезде, аутентификация құпиясөзін орнатуға мүмкіндік береді. Құпиясөз үшін төрт цифрды енгізіңіз. (Әдепкі бойынша құпия сөз жоқ.)
- **Projector Keyword**: опциясы бөлмеден тыс кез келген адамның проекторға кіруіне жол бермеу үшін қауіпсіздік құпиясөзін қосуға мүмкіндік береді. Кесіндерді проекциялау үшін және деректерді жіберіп не қабылдау үшін Epson iProjection арқылы көрсетілген кілтсөзді енгізу қажет.
- **Display Keyword**: Epson iProjection арқылы проекторға қосқан кезде проекциялау экранында проектор кілтсөзін көрсетуге мүмкіндік береді.
- **Display LAN Info.** опциясы проектордың желілік ақпараты үшін дисплей пішімін орнатуға мүмкіндік береді.

Атауды, құпиясөздерін және кілт сөзді енгізу үшін дисплейдегі пернетақтаны пайдаланыңыз. Таңбаларды бөлектеу үшін қашықтан басқару пультіндегі [▲][▼][◀][▶] түймелерді басыңыз және оларды таңдау үшін [↵] түймесін басыңыз.

6 **Wired LAN** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



7 Қажет болса желіңіздің IP параметрлерін тағайындаңыз.

- Егер желіңіз мекенжайларды автоматты түрде тағайындаса, **DHCP** параметрін **On** күйіне орнату үшін **IP Settings** опциясын таңдаңыз.
- Мекенжайларды қолмен орнату қажет болса, **DHCP** параметрін **Off** күйіне орнату үшін **IP Settings** опциясын таңдаңыз және содан кейін, қажет болса, проектордың **IP Address**, **Subnet Mask** және **Gateway Address** мәндерін енгізіңіз.
- IPv6 протоколын пайдалану арқылы проекторды желіге қосқыңыз келсе, **IPv6 Settings** опциясын таңдаңыз.

☛ «Wired LAN мәзірі» 116-6

Қашықтан басқару пультіндегі [▲][▼][◀][▶] түймелерін басып, содан соң көрсетілген бағдарламалық пернетақтада енгізілетін санды таңдаңыз. Растау үшін [↵] түймесін басыңыз.

8 LAN күту режиміндегі экранда IP мекенжайының көрсетілуіне жол бермеу үшін, **IP Address Display** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз.

9 Параметрлерді орнатып болған соң, **Complete** опциясын таңдаңыз. Параметрлерді сақтап, мәзірді жабу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

10 Қашықтықтан басқару пультінде [LAN] түймесін басыңыз.

LAN күту режимінің экранында дұрыс IP мекенжайы көрінген кезде, сымды желі параметрлері аяқталады.

Кескіндерді проекторыңызға сымсыз желі арқылы жіберуге болады.



Проектордың **Network** мәзірлерін пайдалана отырып байланысты қолмен теңшеу арқылы проекторды сымсыз желіге қосуға болады.

Network мәзірін теңшеу алдында проектор уақытын орнатыңыз. Егер уақыт орнатылмаса, сымсыз жергілікті желі құрылғысы дұрыс теңшелмеуі мүмкін.

☛ «Күн және уақытты орнату» 31-6

Network мәзіріне параметрлерді орнатып болған соң, веб-сайттан қажетті желілік бағдарламалық жасақтаманы жүктеп алып, оны орнатыңыз.

- Epson iProjection (Windows/Mac) бағдарламалық жасақтамасы пайдаланушылардың компьютерлік экрандарын желіге проекциялау арқылы интерактивті жиналыстарды өткізуге мүмкіндік береді. Нұсқаулар ретінде Epson iProjection қолдану нұсқаулығын (Windows/Mac) қараңыз.
- Epson iProjection (iOS/Android) қолданбасы iOS немесе Android құрылғыларынан проекциялауға мүмкіндік береді.
  Epson iProjection (iOS/Android) қолданбасын App Store немесе Google Play қолданбалар дүкенінен тегін жүктеп алуға болады. App Store немесе Google Play қолданбалар дүкенімен деректер алмасу кезінде келтірілген шығындар сатып алушының міндеті болып саналады.
- Epson iProjection (Chromebook) қолданбасы Chromebook ішіндегі кескіндерді проекциялауға мүмкіндік береді.
  Epson iProjection (Chromebook) қолданбасын Chrome Web Store қолданбалар дүкенінен тегін жүктеп алуға болады. Chrome Web Store қолданбалар дүкенімен деректер алмасу кезінде келтірілген шығындар сатып алушының міндеті болып саналады.

Сымсыз желі параметрлерін қолмен таңдау

Сымсыз желіден проекциялау алдында, проектордың желі параметрлерін таңдау қажет.

1. Қашықтықтан басқару пультіндегі [Menu] түймесін басыңыз.

2. **Network** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



3. **Wireless LAN Power** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.



4. **Network Configuration** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.

5. **Basic** опциясын таңдаңыз да, [↵] түймесін басыңыз.



6 Қажет болса, негізгі опцияларды таңдаңыз.

- **Projector Name**: желі бойынша проекторды анықтауға пайдаланылатын проектордың атауын енгізіңіз. 16 дейін жалғыз байттық әріп-сандық таңбаларды енгізуге болады.
- **PJLink Password**: проекторды басқаруға арналған PJLink протоколын пайдалану үшін құпиясөз орнатуға мүмкіндік береді. 32 дейін жалғыз байттық әріп-сандық таңбаларды енгізуге болады.
IPv6 Settings	IPv6 протоколдарын пайдалану үшін параметрлерді жасаңыз. • Төмендегі функциялар IPv6 протоколдарына қолдау көрсетеді. - Epson Web Control - PJLink • IPv6 мекенжайын қолмен орнатқанда, Epson Web Control функциясы арқылы **Advanced** ішінде параметрлерді орнатыңыз. ☛ «Мобильді құрылғы немесе компьютер арқылы проекторды пайдалану» 41-6 **IPv6**: IPv6 протоколдарын пайдаланғанда, осыны **On** күйіне орнатыңыз. IPv6 протоколдарын пайдаланып жатқанда, бір сілтемелі жергілікті мекенжай орнатылатынына көз жеткізіңіз. Бұл fe80:: және проектордың MAC мекенжайынан құрылған интерфейс идентификаторынан тұрады. **Auto Configuration**: IPv6 мекенжайын RA (Маршрутизатор хабарландыруы) ішінен автоматты түрде алу үшін осыны **On** күйіне орнатыңыз. Мекенжай төменде көрсетілгендей құрылады. • Stateless Address (0 - 6): RA (Маршрутизатор хабарландыруы) ішінен алынған префикс пен проектордың MAC мекенжайынан құрылған интерфейс идентификаторын біріктіру арқылы жасалады. • Stateful Address (0 - 1): DHCPv6 көмегімен DHCP серверінен автоматты түрде құрылады. **Use Temporary Address**: **Auto Configuration** функциясы **On** күйінде болғанда, IPv6 мекенжайын (0-1) уақытша растау үшін осыны **On** күйіне орнатыңыз.

Notifications мәзірі

Бұл орнатылғанда проекторда мәселе немесе ескерту орын алса, электрондық хабарландыру аласыз.

☛ «Қате туралы хабарландыру электрондық хаттарын оқу» 155-6



Ішкі мәзір	Функция
Mail Notification	Проекторда мәселе немесе ескерту орын алғанда алдын ала орнатылған мекенжайларға электрондық хабар жіберу үшін **On** күйіне орнатыңыз.
SMTP Server	Проектордың SMTP сервері үшін IP Address мекенжайын енгізуге болады. Әр мекенжай өрісіне 0 мен 255 арасындағы санды енгізуге болады. Бірақ, келесі IP мекенжайларын пайдалану мүмкін емес. 127.x.x.x, 224.0.0.0 - 255.255.255.255 (мұндағы x - 0 мен 255 арасындағы сан)

Ішкі мәзір	Функция
Port Number	SMTP сервері үшін порт нөмірін енгізуге болады. Әдепкі мән - 25. 1 мен 65535 арасындағы сандарды енгізуге болады.
From	Жіберушінің электрондық пошта мекенжайын енгізіңіз. 64 дейін жалғыз байттық әріп-сандық таңбаларды енгізуге болады. Configuration мәзірінде 32 таңбаға дейін енгізуге болады. 32-ден көп таңба енгізгенде мәтінді енгізу үшін веб-шолғышты пайдаланыңыз. (" ( ) , : ; < > [\ ] және бос орындар пайдаланылмайды.) ☛ «Epson Web Control арқылы басқару (Веб-шолғыш)» 42-б
Address 1 Setting/ Address 2 Setting/ Address 3 Setting	Хабарландыру электрондық хабары мен хабарландыру мазмұны үшін мақсатты орынның электрондық пошта мекенжайларын орнатыңыз. Үшке дейін мақсатты орынды тіркеуге болады. 64 дейін жалғыз байттық әріп-сандық таңбаларды енгізуге болады. Configuration мәзірінде 32 таңбаға дейін енгізуге болады. 32-ден көп таңба енгізгенде мәтінді енгізу үшін веб-шолғышты пайдаланыңыз. (" ( ) , : ; < > [\ ] және бос орындар пайдаланылмайды.) ☛ «Epson Web Control арқылы басқару (Веб-шолғыш)» 42-б
SNMP	Проекторды SNMP пайдаланып бақылау үшін **On** күйіне орнатыңыз. Проекторды бақылау үшін компьютерде SNMP реттегіші бағдарламасын орнату керек.SNMP бағдарламасын желілік әкімші басқарады. Әдепкі мән - **Off**.

Ішкі мәзір	Функция
Trap IP Address 1/ Trap IP Address 2	SNMP ішкі кедергі туралы хабарландырудың мақсатты орны үшін екі IP мекенжайына дейін тіркеуге болады. Әр мекенжай өрісіне 0 мен 255 арасындағы санды енгізуге болады. Бірақ, келесі IP мекенжайларын пайдалану мүмкін емес. 127.x.x.x, 224.0.0.0 - 255.255.255.255 (мұндағы x - 0 мен 255 арасындағы сан)
Community Name	SNMP қауымдастығының атауын енгізіңіз. 32 дейін жалғыз байттық әріп-сандық таңбаларды енгізуге болады. (Таңбалар және бос орындар пайдаланылмайды.)
PJLink Notification	PJLink хабарландыру функциясын пайдалану үшін, осыны **On** күйіне орнатыңыз.
Notified IP Address	PJLink хабарландыру функциясының көмегімен проектордың жұмыс күйінің хабарландыруларын жібергіңіз келетін компьютердің IP мекенжайын енгізіңіз. Әр мекенжай өрісіне 0 мен 255 арасындағы санды енгізуге болады. Бірақ, келесі IP мекенжайларын пайдалану мүмкін емес. 127.x.x.x, 224.0.0.0 - 255.255.255.255 (мұндағы x - 0 мен 255 арасындағы сан)

Others мәзірі



Ішкі мәзір	Функция
Secure HTTP	Қауіпсіздікті күшейту үшін Epson Web Control ішіндегі проектор мен компьютердің байланысы шифрланады. Epson Web Control параметрімен қауіпсіздікті орнатқанда, осыны **On** күйіне орнатуыңызға кеңес береміз.
Web Server Cert.	Secure HTTP ішінде пайдаланылатын веб сервер куәлігін импорттайды.
Priority Gateway	Басымдық шлюзі үшін **Wired** немесе **Wireless** тармағын таңдаңыз.

Ішкі мәзір	Функция
Crestron Connected	Желідегі проекторды Crestron Connected® құралының көмегімен бақылау және басқару кезінде, оны **On** күйіне орнатыңыз. Өзге жағдайларда оны **Off** күйіне орнатыңыз. ☛ «Crestron Connected® туралы» 157-б Проектор параметрлеріндегі өзгертулер оны қайта іске қосқаннан кейін қолданысқа енеді. Ол үшін **On** күйі орнатылған кезде, келесі функциялар қолжетімді болмайды. • Epson Projector Management бағдарламалық жасақтамасындағы Message Broadcasting мүмкіндігі
Art-Net	**Art-Net**: Оны **On** күйіне орнатып, проекторды Art-Net көмегімен басқарыңыз. ☛ «Art-Net» 162-б **Net**/**Sub-Net**/**Universe**: ПроектордыңNet/Sub-Net/Universe параметрлерін орнатады. **Start Channel**: Art-Net пайдаланатын бастау арнасын орнатады. ☛ «Арна анықтамалары» 162-б
Message Broadcasting	Epson Projector Management бағдарламалық жасақтамасында Message Broadcasting мүмкіндігі арқылы жіберілген ақпаратты алу үшін, осыны **On** күйіне орнатыңыз. Бағдарламалық жасақтама мен пайдаланушы нұсқаулықтарын келесі веб-сайттан жүктеп алыңыз. http://www.epson.com

Reset мәзірі

Желілік параметрлердің барлығын қалпына келтіреді.



Ішкі мәзір	Функция
Reset network settings.	Желілік параметрлердің барлығын қалпына келтіру үшін **Yes** пәрменін таңдаңыз.

Info мәзірі (тек дисплей)

Проекцияланып жатқан кескін сигналдарының күйін және проектордың күйін тексеруге мүмкіндік береді. Көрсетуге болатын элементтер қазіргі уақытта проекцияланып жатқан көзге байланысты әр түрлі болады.



Ішкі мәзір		Функция
Projector Info	Operation Hours*	Проекторды қосқаннан кейінгі жұмыс уақытын көрсетеді.
	Source	Қазіргі уақытта проекцияланып жатқан қосылған жабдық үшін көз атауын көрсетуге болады.
	Input Signal	**Signal** мәзірінде орнатылған **Input Signal** мазмұнын көзге сай көрсетуге болады.
	Resolution	Ажыратымдылықты көрсетуге болады.
	Refresh Rate	Refresh Rate▸▸ көрсетуге болады.

Ішкі мәзір		Функция
	Sync Info	Кескіннің сигналы туралы ақпаратты көрсетуге болады. Бұл ақпарат қызмет қажет болса қажет болуы мүмкін.
	Status	Бұл - проекторда орын алған қателер туралы ақпарат. Бұл ақпарат қызмет қажет болса қажет болуы мүмкін.
	Serial Number	Проектордың сериялық нөмірін көрсетеді.
	Event ID	Проектор және компьютер желі арқылы қосылған кезде ақаулықтар пайда болса, мәселе жөніндегі ақпарат Event ID арқылы көрсетіледі. Event ID түсіндірмесі туралы ақпаратты келесі беттен қараңыз. ☛ «Event ID туралы» 148-б
Light Source Info	Light Source Hours	Light Source Mode режиміне сәйкес жарық көзінің жұмыс уақытын көрсетеді.
Version	Main	Проектордың микробағдарлама нұсқасы мәліметтерін көрсетеді.

* Алғашқы 10 сағат үшін жиынтық пайдалану уақыты "0H" түрінде көрсетіледі. 10 және одан жоғары сағат "10H", "11H" және т.с.с. көрсетіледі.

Reset мәзірі



Ішкі мәзір	Функция
Refresh Mode	☛ «Refresh Mode» 152-б

Ішкі мәзір	Функция
Light Source Calibration	Light Source Calibration параметріне қатысты параметрлерді орнатыңыз. • **Run Now**: Light Source Calibration параметрін іске қосады. **Run Now** пәрмені келесі жағдайларда пайдаланылмайды. - Проекторды өшіргеннен кейін 20 минуттың ішінде. - Жергілікті ортаның температурасы жоғары болған кезде және жарық көзінің жарықтық деңгейі автоматты түрде азайғанда. • **Run Periodically**: бұл режим **On** күйіне орнатылған кезде, Light Source Calibration функциясы 100 сағат сайын орындалады. • **Schedule Settings**: Жоспар параметрлерінің экранын көрсетеді. Light Source Calibration функциясын жүйелі түрде іске қосылатында орнатыңыз.
Reset All Config	Конфигурация мәзіріндегі бүкіл элементтерді әдепкі параметрлеріне қалпына келтіруге болады. Төмендегі элементтердің әдепкі күйлерін қайтару мүмкін емес: **User's Logo**, **Network** мәзіріндегі барлық элемент, , **Language**, **Date & Time**, **Color Uniformity**, **Color Matching**, **Light Source Info** және **Operation Hours**.

Конфигурация мәзір мазмұны орнатылғаннан кейін оны бірнеше проектор үшін буманы орнату мақсатында пайдалануға болады (буманы орнату функциясы). Буманы орнату функциясы тек бірдей үлгі нөміріне ие проекторларға арналған.

Келесі әдістердің біреуін пайдаланыңыз.

- SD картасы арқылы параметрлерді орнатыңыз.
- Параметрлерді EasyMP Network Updater бағдарламасы арқылы реттеңіз.

Бұл нұсқаулықта SD картасын қалай пайдалану керектігі түсіндірілген.

- Келесі мәлімет буманы орнату функиясы тарапынан анықталмайды.
  - Network мәзір параметрлері (Notifications мәзірі мен Others мәзірінен басқа)
  - Info мәзіріндегі Status және Light Source Info
- Проекцияланған кескінді реттеу алдында буманы орнатыңыз. Keystone сияқты проекцияланған кескіннің реттеу мәндері буманы орнату функциясы тарапынан анықталады. Буманы орнату проекцияланған кескінді реттеуден кейін орындалса, жасалған реттеулер өзгеруі мүмкін.
- Буманы орнату функциясы арқылы тіркелген Пайдаланушы логотипі басқа проекторлар үшін орнатылады. Құпия мәліметтерді және пайдаланушы логотипі сияқты басқа мәліметтерді сақтамаңыз.

Абай болыңыз

Буманы орнату үшін тұтынушы жауапты. Буманы орнату қуат іркілісі, байланыс қатесі, т.б. себептен орындалмаса, шығысн есесін толтыру үшін тұтынушы жауапты.

SD картасы арқылы параметрлерді орнату.

Бұл бөлім SD картасы арқылы буманы орнату жолын түсіндіреді.

Параметрлерді SD картасына сақтау

1. Проектордан қуат сымын ажыратыңыз және проектордың барлық индикаторы өшірілгеніне көз жеткізіңіз.
2. Проекторге SD картасын салыңыз.



- Бос SD картасын қосыңыз. SD картасында буманы орнату файлынан өзге деректер бар болса, параметрлер дұрыс сақталмауы мүмкін.
- Буманы орнату файлын басқа проектордан SD картасына сақтасаңыз, файлды жойыңыз немесе файл атын өзгертіңіз. Буманы орнату функциясы буманы орнату файлын алмастыра алмайды.
- Буманы орнату файлының атауы – PJCONFDATA.bin. Файл атауын өзгерту қажет болса, PJCONFDATA дегеннен кейін жазыңыз. Файл атын басқа жолмен өзгертсеңіз, проектор файлды дұрыс анықтай алмауы мүмкін.
- Файл аты үшін тек бір байттық таңбаларды пайдалануға болады.

3 Қашықтан басқару пультіндегі немесе басқару панеліндегі [Esc] түймесін басып тұрып, қуат сымын проекторға жалғаңыз.



Проекторлардың индикаторлары төмендегідей жанса, [Esc] түймесін жіберіңіз.



On/Standby	Status	Laser	Temp
Көк - қосулы	Көк - қосулы	Сарғылт - қосулы	Сарғылт - қосулы

Барлық индикатор жыпылықтай бастағанда, параметрлер буманы орнату файлына жазылады.

Абай болыңыз

- Файл жазылып жатқан кезде проектордан қуат сымын ажыратпаңыз. Қуат сымы ажыратылса, проектор дұрыс іске қосылмауы мүмкін.
- Файл жазылып жатқан кезде проектордан SD картасын шығармаңыз. SD картасы ажыратылса, проектор дұрыс іске қосылмауы мүмкін.

Жазу қалыпты түрде аяқталғанда, проектор күту күйіне өтеді.



On/Standby
Көк - қосулы

Проектор күту күйінде болғанда, SD картасын алып тастаңыз.

Сақталған параметрлерді басқа проекторларда көрсету

1. Проектордан қуат сымын ажыратыңыз және проектордың барлық индикаторы өшірілгеніне көз жеткізіңіз.

2. Проекторға параметрлер сақталған SD картасын салыңыз.



- SD картасында буманы орнату файлдарының 1–3 түрі болса, файл проекторда бірдей үлгі нөмірімен көрсетіледі. Бірдей үлгі нөміріне ие проектор үшін бірнеше файл нөмірі бар болса, параметрлер дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- SD картасында буманы орнату файлдарының төрт не одан көп түрі болғанда, параметрлер дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- SD картасында буманы орнату файлынан басқа деректерді сақтамаңыз. SD картасында буманы орнату файлынан өзге деректер бар болса, параметрлер дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.

3 Қашықтан басқару пультіндегі немесе басқару панеліндегі [Menu] түймесін басып тұрып, қуат сымын проекторға жалғаңыз.



Проекторлардың индикаторлары келесідей іске қосылса, [Menu] түймесін босатыңыз.



On/Standby	Status	Laser	Temp
Көк - қосулы	Көк - қосулы	Сарғылт - қосулы	Сарғылт - қосулы

Индикаторлар шамамен 75 секунд қосулы болып тұрады.

Барлық көрсеткіш жұлдыздары жыпылықтағанда бұл параметрлердің жазылуын білдіреді.

⚠ Абай болыңыз

- Параметрлер жазылып жатқан кезде проектордан қуат сымын ажыратпаңыз. Қуат сымы ажыратылса, проектор дұрыс іске қосылмауы мүмкін.
- Параметрлер жазылып жатқан кезде, проектордан SD картасын ажыратпаңыз. SD картасы ажыратылса, проектор дұрыс іске қосылмауы мүмкін.

4 Жазу қалыпты түрде аяқталғанда, проектор күту күйіне өтеді.



On/Standby
Көк - қосулы

Проектор күту күйінде болғанда, SD картасын алып тастаңыз.

Орнату сәтсіз аяқталған кезде

Қате орын алса, индикаторлар хабар береді. Проектор индикаторларының күйін тексеріңіз және берілген кестедегі нұсқауларды орындаңыз.

Индикатор күйі	Шешім
WLAN ○ Temp ☼ Laser ☼ Status ● On/Standby ● Temp: Сарғылт - жылдам жыпылықтайды Laser: Сарғылт - жылдам жыпылықтайды	Буманы орнату файлы бүлінген болуы мүмкін немесе SD картасы дұрыс қосылмаған болуы мүмкін. SD картасын ажыратып, проектордың қуат сымын розеткадан суырыңыз, содан кейін розеткаға қосып, әрекетті қайталаңыз.
WLAN ○ Temp ☼ Laser ☼ Status ☼ On/Standby ☼ Temp: Сарғылт - жылдам жыпылықтайды Laser: Сарғылт - жылдам жыпылықтайды Status: Көк - жылдам жыпылықтайды On/Standby: Көк - жылдам жыпылықтайды	Параметрлерді жазу сәтсіз аяқталуы мүмкін және проектордың микробағдарламасында қате орын алуы мүмкін. Проекторды пайдалануды тоқтатыңыз, қуат ашасын розеткадан суырыңыз және жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімі ішінде берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз. ☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*

Ақаулықтарды жою

Бұл тарауда мәселелерді анықтау және мәселе табылса не істеу керектігі түсіндіріледі.

Проектордың күйін білдіру үшін проекторда мынадай бес индикаторды бар.



1. On/Standby индикаторлары
   Проектордың күйін көрсетеді.
2. Status индикаторы
   Проектордың күйін көрсетеді.
3. Laser индикаторы
   Жарық көзінің күйін білдіреді.
4. Temp индикаторы
   Ішкі температура күйін көрсетеді. Ол әдетте өшірулі болады.
5. WLAN индикаторы
   Сымсыз жергілікті желінің күйін көрсетеді.

Келесі индикатор күйі қалыпты жұмыс барысында пайдаланылады.

"Күй өзгереді" проектор күйіне байланысты индикаторлардың қосылып, өшірілетінін көрсетеді.

Индикатор				Проектор күйі	Түсіндірме
On/Standby	Status	Laser	Temp		
● Көк - қосулы	○ Off	○ Off	○ Off	Күту режимінің күйі	Проекторға қуат қамтамасыз етілуде. Бұл күйде қашықтықтан басқару пультіндегі немесе проектордағы [⏻] түймесін басу арқылы проекциялауды бастауға болады. (Кейде қуат сымын розеткадан ажыратқанда, On/Standby индикаторы аздаған уақыт жанып тұрады, бірақ бұл ақаулық емес.)
				Желіні бақылау күйі	Проектор желі арқылы бақылануда және басқарылуда (**Standby Mode** параметрі **Communication On** мәніне орнатылған болса). Осы күйде қуат сымы ажыратылып, қайта қосылса, On/Standby көрсеткіші көк түспен жыпылықтайды.

Индикатор				Проектор күйі	Түсіндірме
On/Standby	Status	Laser	Temp		
● Көк - қосулы	☼ Көк - жыпылықтауда	○ Off	○ Off	Қыздыру күйі	Бұл - проекторды қосудан кейін бірден болатын күй. Жарық көзі қосылғаннан кейін шамамен 30 секунд қызады. Қыздыру кезінде [⏻] түймесі жұмыс істемейді.
● Көк - қосулы	● Көк - қосулы	● Күй өзгереді	○ Off	Проекциялау	Проектор проекциялауда.
● Көк - қосулы	☼ Көк - жыпылықтауда	○ Off	○ Off	Салқындату күйі	Бұл — қуатты өшіруден кейін бірден болатын күй. Бұл күйде бүкіл түймелер өшірулі болады.
☼ Көк - жыпылықтауда	○ Off	○ Off	○ Off	Желіні бақылауға дайындалу	Осы проекторды желі бойынша бақылау және басқаруға дайындалуда. Желіні бақылауға дайындалу барысында барлық түйме операциялары өшіріледі.
● Көк - қосулы	● Көк - қосулы	○ Off	○ Off	A/V Mute белсендірілген	A/V Mute белсенді.
● Күй өзгереді	☼ Көк - жыпылықтауда	☼ Қызғылт сары - жыпылықтауда	● Күй өзгереді	Refresh Mode белсендірілген	Refresh Mode режимі белсенді.

Проекторда қате орын алған кезде, қате күйі индикатордың түсі және жыпылықтау немесе жану комбинациясы арқылы көрсетіледі. Көрсеткіштер нені білдіретінін және олар көрсететін мәселелерді шешу жолын көру үшін келесі кестені қараңыз.

Индикатор				Себеп	Шешім немесе күй
On/Standby	Status	Laser	Temp		
○ Off	Көк - жыпылықтауда	Қызғылт сары - жыпылықтауда	○ Off	Internal Error	Проекторды пайдалануды тоқтатыңыз, қуат ашасын розеткадан суырыңыз және жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімі ішінде берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз. ☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*
○ Off	Көк - жыпылықтауда	○ Off	Қызғылт сары - жыпылықтауда	Желдеткіш қатесі Датчик қатесі	Проекторды пайдалануды тоқтатыңыз, қуат ашасын розеткадан суырыңыз және жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімі ішінде берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз. ☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*

Индикатор				Себеп	Шешім немесе күй
On/Standby	Status	Laser	Temp		
○ Off	☼ Көк - жыпылықтауда	○ Off	● Сарғылт - қосулы	Жоғары температура қатесі (Шамадан тыс қызу)	Жарық көзі автоматты түрде өшеді және проекциялау тоқтайды. Шамамен бес минут бойы күтіңіз. Проектор шамамен бес минуттан кейін күту режиміне өтеді. Келесі үш нәрсені тексеріңіз. • Ауа кіретін саңылау, Ауа шығатын саңылау мен проектордың бүйіріндегі саңылау таза екенін және проектор қабырғаға қарсы орналаспағанын тексеріңіз. • Егер Ауа кіретін саңылау, Ауа шығатын саңылау немесе проектордың бүйіріндегі саңылау шаң болса, проекторды өшіріп, розеткадан қуат сымын алыңыз, содан кейін оны тазартыңыз. ☛ «Проектордың бетін тазалау» 151-6 ☛ «Ауа кіргізу саңылауы және Ауа шығару саңылауын тазалау» 151-6 • Кіретін ауаның температурасы қаншалықты жоғары екенін тексеріңіз. Қате шыға беретін болса, проекторды пайдалануды тоқтатып, қуат ашасын розеткадан суырыңыз және жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімі ішінде берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз. ☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*
					1500 м немесе жоғары биіктікте пайдаланса**ңыз**, **High Altitude Mode** параметрін **On** күйіне орнатыңыз. ☛ **Extended** - **Operation** - **High Altitude Mode** 105-6
○ Off	☼ Көк - жыпылықтауда	● Сарғылт - қосулы	○ Off	Лазер қатесі Баяулатқыш тақта қатесі	Проекторды пайдалануды тоқтатыңыз, қуат ашасын розеткадан суырыңыз және жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімі ішінде берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз. ☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*

Индикатор				Себеп	Шешім немесе күй
On/Standby	Status	Laser	Temp		
Көк - жыпылықтауда	Күй өзгереді	Күй өзгереді	Қызғылт сары - жыпылықтауда	Жоғары температура ескертуі	Бұл қате емес. Дегенмен, температура қайтадан тым жоғары көтерілсе, проекциялау автоматты түрде тоқтайды. Мына екі нәрсені тексеріңіз. • Ауа кіретін саңылау, Ауа шығатын саңылау мен проектордың бүйіріндегі саңылау таза екенін және проектор қабырғаға қарсы орналаспағанын тексеріңіз. • Егер Ауа кіретін саңылау, Ауа шығатын саңылау немесе проектордың бүйіріндегі саңылау шаң болса, проекторды өшіріп, розеткадан қуат сымын алыңыз, содан кейін оны тазартыңыз. ☛ «Проектордың бетін тазалау» 151-б ☛ «Ауа кіргізу саңылауы және Ауа шығару саңылауын тазалау» 151-б • Кіретін ауаның температурасы қаншалықты жоғары екенін тексеріңіз.
Көк - жыпылықтауда	Күй өзгереді	Қызғылт сары - жыпылықтауда	Күй өзгереді	Laser Warning	Проекторды пайдалануды тоқтатыңыз, қуат ашасын розеткадан суырыңыз және жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімі ішінде берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз. ☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*

Сымсыз жергілікті желінің күйі

WLAN индикаторының күйі	Мәселе және шешімдер
Көк - қосулы	Сымсыз жергілікті желі қолжетімді.
Көк түс жылдам жыпылықтайды	Құрылғыға қосылу.

WLAN индикаторының күйі	Мәселе және шешімдер
Көк түс баяу жыпылықтайды	Қате орын алды. Проекторды өшіріп, қайта қосыңыз.
○ Off	Сымсыз жергілікті желі қолжетімді емес. Сымсыз жергілікті желінің параметрлері дұрыс екеніне көз жеткізіңіз.

- Тіпті көрсеткіштердің барлығы қалыпты күйді көрсетіп тұрса да проектор дұрыс жұмыс істемей тұрса мыналарды тексеріңіз.
  ☛ «Мәселелерді шешу» 135-б
- Егер көрсеткіштер осы кестеде көрсетілмеген күйде болса, проекторды пайдалануды тоқтатыңыз, қуат ашасын розеткадан суырыңыз және жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімі ішінде берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз.
  ☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*

Егер төмендегі мәселелердің кез келгені орын алса және көрсеткіштер шешімді ұсынбаса, әр мәселе үшін берілген беттерді қараңыз.

Кескіндерге қатысты мәселелер

• **Кескіндер көрінбейді** Проекциялау басталмайды, проекциялау аймағы толығымен қара немесе проекциялау аймағы көк.	☛ 137-б
• **Қозғалатын кескіндер көрсетілмейді** Ойнатылатын бейнелер қара түсті не ешбір кескін проекцияланбайды немесе компьютерде бейне ойнатылмайды.	☛ 137-б
• **Ойнату тізімі ойнатылмайды.**	☛ 138-б
• **"Not supported" хабары көрсетіледі**	☛ 138-б
• **"No Signal" хабары көрсетіледі**	☛ 138-б
• **Кескіндер анық емес, фокуста емес немесе бұрмаланған**	☛ 139-б
• **Кескіндерде кедергі немесе бұрмалану пайда болады**	☛ 139-б
• **Кескін қиылған (үлкен) немесе шағын, арақатынас дұрыс емес немесе кескін аударылған** Кескіннің бір бөлігі ғана көрсетіледі, кескіннің биіктік және ен қатынастары дұрыс емес немесе кескін жоғарыдан төменге немесе солдан оңға аударылған болып көрінуі мүмкін.	☛ 140-б
• **Кескін түстері дұрыс емес** Бүкіл кескін күлгіндеу немесе жасылдау болып көрінеді, кескіндер ақ-қара немесе түстер күңгірт болып көрінеді.	☛ 140-б
• **Кескіндер күңгірт болып көрінеді**	☛ 141-б
• **СКД панелінде дақ пайда болады.**	☛ 142-б

Проекциялау басталған кездегі мәселелер

• **Проектор қосылмайды**	☛ 142-б

Желілік ақаулықтарды шешу

• **Сымсыз аутентификация сәтсіз болғандағы шешімдер**	☛ 143-б
• **Проекторды веб-браузер арқылы ашу мүмкін болмаған жағдайдағы шешімдер**	☛ 143-б
• **SD картасын веб-браузер арқылы пайдалану мүмкін емес (ойнату тізімін сақтау/жою, деректерді жүктеу).**	☛ 143-б
• **Тіпті проекторда мәселе орын алса да электрондық пошта алынбайды**	☛ 143-б
• **Желілік проекция кезінде кескіннің кедергілері болған кездегі шешімдер**	☛ 144-б

Басқа мәселелер

• **Дыбыс естілмейді немесе дыбыс әлсіз**	☛ 144-б
• **Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді**	☛ 145-б
• **Хабарлардың және мәзірлердің тілін өзгерткім келеді**	☛ 145-б
• **Құпиясөз ақаулықтарының шешімі**	☛ 146-б
• **"The battery that saves your clock settings is running low." хабары көрсетіледі**	☛ 146-б

• **Егжей-тегжейлі журналдар мен қате туралы хабарлар көрсетілмейді**	☛ 146-б
• **Art-Net дұрыс басқару мүмкін емес.**	☛ 147-б

Кескіндерге қатысты мәселелер

Кескіндер көрінбейді

Тексеру	Шешім
Қашықтан басқару пультіндегі немесе проектордағы [⏻] түймесін бастыңыз ба?	Қуатты қосу үшін [⏻] түймесін басыңыз.
Көрсеткіштер өшірулі ме?	Қуат сымы дұрыс қосылмаған немесе қуат қамтамасыз етіліп жатқан жоқ. Проектордың қуат сымын дұрыс қосыңыз. Розетка немесе қуат көзі дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз.
A/V Mute белсенді ме?	[A/V Mute] түймесін A/V Mute функциясын ажырату үшін басыңыз. ☛ «Кескінді және дыбысты уақытша жасыру (A/V Mute)» 60-б
Конфигурация мәзірінің параметрлері дұрыс па?	Параметрлердің барлығын қалпына келтіріңіз. ☛ **Reset** - **Reset All Config** 121-б
Проекциялау керек кескін толығымен қара ма? (Компьютер кескіндерін проекциялағанда ғана)	Экран сақтағыштар сияқты кейбір кіріс кескіндер толығымен қара болуы мүмкін.
Windows Медиа Орталығы толық экранда көрсетілген бе? (Тек желі байланысында болғанда)	Windows Медиа Орталығы толық экранда көрсетілген кезде, желі байланысының көмегімен проекциялай алмайсыз. Экран өлшемін азайтыңыз.
Қолданба көрсетілген Windows DirectX функциясын пайдаланып жатыр ма? (Тек желі байланысында болғанда)	Windows DirectX функциясын пайдаланатын қолданбалар кескіндерді дұрыс көрсетпеуі мүмкін.

Қозғалатын кескіндер көрсетілмейді

Тексеру	Шешім
Компьютердің кескін сигналы СКД және мониторға шығарылып жатыр ма? (Тек бекітілген СКД экраны бар ноутбуктен немесе компьютерден кескіндерді проекциялау кезінде)	Кескін сигналын компьютерден тек сыртқы шығысқа өзгертіңіз. Компьютердің құжаттамасын тексеріңіз немесе компьютердің өндірушісіне хабарласыңыз.

Тексеру	Шешім
Проекциялауға тырысып жатқан қозғалатын кескіннің мазмұны авторлық құқықпен қорғалған ба?	Проектор компьютерде ойнатылып жатқан авторлық құқықпен қорғалған қозғалатын кескіндерді проекциялай алмауы мүмкін. Қосымша мәліметтер алу үшін ойнатқышпен бірге берілген пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

Ойнату тізімі ойнатылмайды.

Тексеру	Шешім
Ойнату тізімін SD картасына сақтадыңыз ба?	Ойнату тізімі SD картасына дұрыс сақталмауы мүмкін. SD картасындағы деректерді тексеріңіз.

"Not supported" хабары көрсетіледі

Тексеру	Шешім
Сигнал ажыратымдылығы және жаңарту жиілігі режимге сай ма? (Компьютер кескіндерін проекциялағанда ғана)	Компьютердің кескін сигналының ажыратымдылығын және жаңарту жиілігін өзгерту жолы туралы компьютердің құжаттамасынан қараңыз. ☛ «Қолдау көрсетілетін монитор дисплейлері» 171-б

"No Signal" хабары көрсетіледі

Тексеру	Шешім
Кабельдер дұрыс қосылған ба?	Проекциялауға қажетті кабельдердің нық жалғанғанын немесе SD картасы дұрыс салынғанын тексеріңіз. Ешбір кабельдер ажыратылмағанын және кабельдерде нашар түйісулер жоқ екенін тексеріңіз.
Дұрыс порт таңдалған ба?	Проекцияланатын кіріс көзіне байланысты қашықтан басқару пультіндегі кескінді қосу үшін [HDMI], [LAN] немесе [SD ►] түймесін басыңыз. ☛ «Мақсатты кескінге қашықтан басқару құралы арқылы ауысу» 37-б
Компьютердің немесе бейне көзінің қуаты қосулы ма?	Жабдықтың қуатын қосыңыз.

Тексеру	Шешім
Проекторға кескін сигналдары шығарылып жатыр ма? (Тек бекітілген СКД экраны бар ноутбуктен немесе компьютерден кескіндерді проекциялау кезінде)	Егер кескін сигналдары тек компьютердің СКД мониторына немесе қосымша мониторға шығарылып жатса, шығысты, сонымен бірге компьютердің өзінің мониторын сыртқы мақсатты орынға өзгерту керек. Кейбір компьютер үлгілері үшін кескін сигналдары сырттан шығарылса, олар СКД мониторда немесе қосымша мониторда басқа көрінбейді. Егер проектордың немесе компьютердің қуаты әлдеқашан қосулы кезде қосылым орнатылса, компьютердің кескін сигналын сыртқы шығысқа өзгертетін Fn пернесі (функционалдық перне) жұмыс істемеуі мүмкін. Компьютердің және проектордың қуатын өшіріңіз, содан кейін қайтадан қосыңыз. ☛ Компьютердің құжаттамасы

Кескіндер анық емес, фокуста емес немесе бұрмаланған

Тексеру	Шешім
Фокус дұрыс реттелген бе?	Фокустауды реттеу үшін проекциялау басталғаннан кейін кемінде 20 минут өткеніне көз жеткізіңіз, содан кейін қашықтықтан басқару пультіндегі [Focus] түймесін басыңыз. ☛ «Фокусты түзету» 50-б
Проектор дұрыс қашықтықта ма?	Ол ұсынылған проекциялау қашықтығының ауқымынан тыс проекциялап жатыр ма? Ұсынылған ауқымда орнатыңыз. ☛ «Экран өлшемі және проекциялау қашықтығы» 169-б
Объективте конденсат пайда болды ма?	Егер проекторды кенет суық ортадан жылы ортаға апарса немесе қоршаған орта температурасы күрт өзгерсе объективтің бетінде конденсат пайда болуы мүмкін және бұл кескіндердің анық емес болып көрінуіне әкелуі мүмкін. Проекторды бөлмеде пайдаланудан шамамен бір сағат бұрын орнатыңыз. Егер объективте конденсат пайда болса, проекторды өшіріңіз және конденсаттың жоғалуын күтіңіз.

Кескіндерде кедергі немесе бұрмалану пайда болады

Тексеру	Шешім
Кабельдер дұрыс қосылған ба?	Проекциялауға қажетті кабельдердің нық жалғанғанын немесе SD картасы дұрыс салынғанын тексеріңіз. Ешбір кабельдер ажыратылмағанын және кабельдерде нашар түйісулер жоқ екенін тексеріңіз. ☛ «Түрлі құрылғыларға қосу» 25-б
Ұзартқыш кабель пайдаланылып жатыр ма?	Егер ұзартқыш кабель пайдаланылып жатса, электр кедергі сигналдарға әсер етуі мүмкін.

Тексеру	Шешім
Дұрыс ажыратымдылық таңдалған ба? (Компьютер кескіндерін проекциялағанда ғана)	Компьютерді шығатын сигналдар проектормен үйлесімді болатындай реттеңіз. ☛ «Қолдау көрсетілетін монитор дисплейлері» 171-б ☛ Компьютердің құжаттамасы

Кескін қиылған (үлкен) немесе шағын, қатынас дұрыс емес немесе кескін аударылған

Тексеру	Шешім
Арақатынас дұрыс реттелген бе?	Кіріс көзіне сәйкес келетін арақатынасты таңдау үшін Конфигурация мәзірінен **Aspect** түймесін таңдаңыз. ☛ «Проекцияланған кескіннің арақатынасын өзгерту» 56-б
Scale опциясы қосулы ма?	Конфигурация мәзірінен **Scale** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз. ☛ **Signal** - **Scale Scale** 103-б
Компьютер қос дисплей үшін реттелген бе? (Компьютер кескіндерін проекциялағанда ғана)	Егер компьютердің Басқару тақтасы ішінде **Сипаттарды көрсету** ішінде қос дисплей белсендірілген болса, компьютер экранындағы кескіннің шамамен жартысы ғана проекцияланады. Компьютер экранындағы бүкіл кескінді көрсету үшін қос дисплей параметрін өшіріңіз. ☛ Компьютердің бейне драйверінің құжаттамасы
Дұрыс ажыратымдылық таңдалған ба? (Компьютер кескіндерін проекциялағанда ғана)	Компьютерді шығатын сигналдар проектормен үйлесімді болатындай реттеңіз. ☛ «Қолдау көрсетілетін монитор дисплейлері» 171-б ☛ Компьютердің құжаттамасы
Кескін бағыты дұрыс па?	Конфигурация мәзіріндегі **Projection** бөлімінде дұрыс параметрлерді орнатыңыз. ☛ «Кескін бағдарын орнату (Проекциялау)» 29-б

Кескін түстері дұрыс емес

Тексеру	Шешім
Кескін жарықтығы дұрыс реттелген бе?	**Brightness** параметрін Конфигурация мәзірінен реттеңіз. ☛ **Image** - **Brightness** 101-б

Тексеру	Шешім
Кабельдер дұрыс қосылған ба?	Проекциялауға қажетті кабельдердің нық жалғанғанын немесе SD картасы дұрыс салынғанын тексеріңіз. Ешбір кабельдер ажыратылмағанын және кабельдерде нашар түйісулер жоқ екенін тексеріңіз. ☛ «Түрлі құрылғыларға қосу» 25-б
Contrast дұрыс реттелген бе?	**Contrast** параметрін Конфигурация мәзірінен реттеңіз. ☛ **Image** - **Contrast** 101-б
Түс реттеуі дұрыс орнатылған ба?	**Gamma** параметрін Конфигурация мәзірінен реттеңіз. ☛ **Image** - **Advanced** 101-б
Түс қанықтығы және реңкі дұрыс реттелген бе?	**Color Saturation** және **Tint** параметрлерін Конфигурация мәзірінен реттеңіз. ☛ **Image** - **Color Saturation**, **Tint** 101-б
Light Source Calibration функциясы дұрыс орнатылды ма?	Егер бірнеше проектор арқылы проекцияласаңыз және түс тек кейбір проекторларда ғана өзгерсе, Light Source Calibration функциясын орындау қажет болуы мүмкін. Light Source Calibration функциясын барлық проекторда орындаңыз. ☛ **Reset** - **Light Source Calibration** 121-б Егер Light Source Calibration функциясының автоматты түрде іске қосылғанын қаламасаңыз, **Run Periodically** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз. ☛ **Reset** - **Light Source Calibration** - **Run Periodically** 121-б

Кескіндер күңгірт болып көрінеді

Тексеру	Шешім
Кескін жарықтығы дұрыс орнатылған ба?	Configuration мәзірінен **Brightness** және **Brightness Settings** мәндерін басыңыз. ☛ **Image** - **Brightness** 101-б ☛ **Settings** - **Brightness Settings** 103-б
Contrast дұрыс реттелген бе?	**Contrast** параметрін Конфигурация мәзірінен реттеңіз. ☛ **Image** - **Contrast** 101-б

СКД панелінде дақ пайда болады.

Тексеру	Шешім
Жануды азайтады.	Конфигурация мәзірінен **Refresh Mode** - **Start** таңдаңыз. ☛ «Refresh Mode» 152-6

Проекциялау басталған кездегі мәселелер

Проектор қосылмайды

Тексеру	Шешім
Қашықтан басқару пультіндегі немесе проектордағы [⏻] түймесін бастыңыз ба?	Қуатты қосу үшін [⏻] түймесін басыңыз.
Көрсеткіштер өшірулі ме?	Қуат сымы дұрыс қосылмаған немесе қуат қамтамасыз етіліп жатқан жоқ. Қуат сымын ажыратыңыз, содан кейін қайта қосыңыз. Розетка немесе қуат көзі дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз.
Қуат сымына тигенде көрсеткіштер қосылады және өшеді ме?	Қуат сымындағы контактілер дұрыс болмауы мүмкін немесе қуат сымында ақаулық бар. Қуат сымын қайта салыңыз. Егер бұл мәселені шешпесе, проекторды пайдалануды тоқтатыңыз, қуат сымын розеткадан суырыңыз және жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімі ішінде берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз. ☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*
Remote Receiver үшін дұрыс параметр таңдалған ба?	Конфигурация мәзірінен **Remote Receiver** тексеріңіз. ☛ **Settings** - **Remote Receiver** 103-6
Қуат сымы қайта розеткаға қосылды ма әлде қуаттың тікелей өшуінен кейін автоматты ажыратқыш дереу қосылды ма?	**Direct Power On** параметрі **On** күйіне орнатылған кезде сол жақтағы бағанда сипатталған операция орындалса, қуат қайта қосылмауы мүмкін. Қуатты қосу үшін [⏻] түймесін басыңыз.

Желілік ақаулықтарды шешу

Сымсыз аутентификация сәтсіз болғандағы шешімдер

Тексеру	Шешім
Уақыт және күн параметрлерін тексеріңіз.	Сымсыз қосылым параметрлері дұрыс болса, бірақ аутентификация сәтсіз аяқталса, проектордың **Extended** мәзіріндегі **Date & Time** параметрлерін жаңартуыңыз қажет болады. ☛ «Күн және уақытты орнату» 31-б
Қауіпсіздік параметрлерін тексеріңіз.	Проектордың **Network** мәзіріндегі **Security** параметрлерін көріңіз. ☛ «Сымсыз желінің қауіпсіздігін орнату» 88-б

Проекторды веб-браузер арқылы ашу мүмкін болмаған жағдайдағы шешімдер

Тексеру	Шешім
Сіз қолданып жатқан пайдаланушы аты мен құпиясөз дұрыс па?	Веб-браузерден бастапқы экранды ашу үшін, пайдаланушы атын "EPSONWEB" деп енгізіңіз. (Пайдаланушы идентификаторын өзгерту мүмкін емес.) Проектордың **Network** мәзірінде **Remote** опциясынан басқа опциялар үшін орнатылған құпиясөзді енгізіңіз. Әдепкі құпиясөз – "admin". ☛ **Network** - **Basic** - **Web Control Password** 110-б
Проектор қосылып тұрған желіге қосыла аласыз ба?	Егер веб-браузер прокси сервері арқылы қосылатындай етіп орнатылған болса, Негізгі экран көрсетілмейді. Прокси серверін пайдаланбай байланыс параметрлерін орнатыңыз.

SD картасын веб-браузер арқылы пайдалану мүмкін емес (ойнату тізімін сақтау/жою, деректерді жүктеу).

Тексеру	Шешім
SD картасы жазудан қорғалған ба?	SD картасынан жазудан қорғанысын алыңыз.

Тіпті проекторда мәселе орын алса да электрондық пошта алынбайды

Тексеру	Шешім
Сіз желіге қосылғансыз ба?	(Егер қате нәтижесінде проектор өшсе, электрондық пошта хабары жеткізілмеуі мүмкін.)

Тексеру	Шешім
Standby Mode параметрі **Communication On** күйіне орнатылған ба?	Проектор күту режимінде болғанда пошталық хабарландыру функциясын пайдалану үшін Конфигурация мәзірінен **Standby Mode** ішінде **Communication On** күйін орнатыңыз. Сондай-ақ, пайдаланылатын желі ортасына сәйкес **Port** параметрін өзгертіңіз. ☛ **Extended** - **Standby Mode** 105-б
Проекторға қуат қамтамасыз етілуде ме?	Розетка немесе қуат көзі дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз.
Пошта хабарландыруы функциясы Конфигурация мәзірінде дұрыс орнатылған ба?	Қате туралы хабарландыру электрондық хабары Configuration мәзіріндегі **Notifications** параметрлеріне сай жіберіледі. Оның дұрыс реттелгенін тексеріңіз. ☛ «Notifications мәзірі» 117-б

Желілік проекция кезінде кескіннің кедергілері болған кездегі шешімдер

Тексеру	Шешім
Сигналдың күйін тексеріңіз.	Қатынасу нүктесі, компьютер, мобильді құрылғы және проектор арасындағы кедергіні тексеріңіз және байланысты жақсарту үшін олардың орындарын өзгертіңіз. Қатынасу нүктесі, компьютер, мобильді құрылғы және проектор бір-бірінен алыс орналаспағандығына көз жеткізіңіз. Егер сымсыз байланыс баяу немесе проекцияланған кескінде шуыл болса, Bluetooth құрылғысы немесе микротолқынды пеш сияқты басқа жабдықтың кедергі келтірмейтіндігін тексеріңіз. Кедергі келтіретін құрылғыны алысқа жылжытыңыз немесе сымсыз өткізу мүмкіндігін кеңейтіңіз.

Басқа мәселелер

Дыбыс естілмейді немесе дыбыс әлсіз

Тексеру	Шешім
Аудио/бейне кабель проекторға да, аудио көзіне де берік бекітілгенін тексеріңіз.	Кабельді Audio Out портынан ажыратыңыз да, қайта қосыңыз.
Проектор дыбысының деңгейі ең аз мәнге орнатылған ба?	Дыбыс деңгейін дыбысты естуге болатындай реттеңіз. ☛ **Settings** - **Volume** 103-б ☛ «Дыбыс деңгейін реттеу» 59-б

Тексеру	Шешім
Компьютер немесе кескін көзі дыбысының деңгейі ең аз мәнге орнатылған ба?	Дыбыс деңгейін дыбысты естуге болатындай реттеңіз.
A/V Mute белсенді ме?	[A/V Mute] түймесін A/V Mute функциясын ажырату үшін басыңыз. ☛ «Кескінді және дыбысты уақытша жасыру (A/V Mute)» 60-б

Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді

Тексеру	Шешім
Қашықтан басқару құралының жарық шығаратын аймағы жұмыс кезінде проектордағы қашықтағы қабылдағышқа нұсқап тұр ма?	Қашықтан басқару құралын қашықтан қабылдағышқа бағыттаңыз. ☛ «Қашықтықтан басқару пультінің жұмыс ауқымы» 28-б
Қашықтан басқару құралы проектордан тым алыс па?	Жұмыс ауқымын тексеріңіз. ☛ «Қашықтықтан басқару пультінің жұмыс ауқымы» 28-б
Қашықтан қабылдағышқа тік күн сәулесі немесе флюоресценттік шамның күшті жарығы түсіп тұр ма?	Проекторды қашықтан қабылдағышқа күшті жарық түспейтін орынға орнатыңыз.
Remote Receiver үшін дұрыс параметр таңдалған ба?	Конфигурация мәзірінен **Remote Receiver** тексеріңіз. ☛ **Settings** - **Remote Receiver** 103-б
Батареялар таусылған ба немесе батареялар дұрыс салынған ба?	Батареялар дұрыс салынғанын тексеріңіз немесе қажет болса батареяларды жаңаларына ауыстырыңыз. ☛ «Қашықтан басқару пультіне батареяларды салу» 27-б

Хабарлардың және мәзірлердің тілін өзгерткім келеді

Тексеру	Шешім
Language параметрін өзгертіңіз.	**Language** параметрін Конфигурация мәзірінен реттеңіз. ☛ **Extended** - **Language** 105-б

Құпиясөз ақаулықтарының шешімі

Тексеру	Шешім
Құпиясөз орнатылған ба?	Құпиясөзді орнатпас бұрын, Password Protection функциясын қосып қоюға болады. Қашықтықтан басқару пульті көмегімен "0000" енгізіп көріңіз.
Дұрыс құпиясөз енгізілген бе?	Егер құпиясөзді көп рет дұрыс енгізбесеңіз, "Request Code" (Код сұраңыз) хабары көрсетіледі. Бұл кодты жазып алып, жергілікті дилер немесе Epson проекторының контактілер тізімі берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз. Проекторды құлыптан босату үшін сұрау коды мен меншіктік растама жазыңыз.
Қашықтан басқару пультіңіз бар ма?	Қашықтан басқару пультін жоғалтып алсаңыз, құпиясөзді енгізе алмайсыз. Epson компаниясына жаңа пультке тапсырыс беріңіз.

"The battery that saves your clock settings is running low." (Сағат параметрлерін сақтайтын батарея істеп тұр.) хабары көрсетіледі

Тексеру	Шешім
Сағат параметрлерін сақтайтын ішкі қуат көзі деңгейі төмен.	Жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімі ішінде берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз. ☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*

Егжей-тегжейлі журналдар мен қате туралы хабарлар көрсетілмейді

Тексеру	Шешім
Қоршаған ортаға байланысты, кенеттен кернеудің төмендеуі, өшіп қалуы немесе электр қуатын өшіргеннен кейін проекторды қосқан кезде қателер мен ескертулер көрсетілмеуі мүмкін.	Қуат түймесі арқылы немесе ашаны розеткадан суыру арқылы проекторды өшіргеннен кейін, проекторды қоспас бұрын немесе ашаны розеткаға қайта салмас бұрын, кемінде 10 секунд күтіңіз. Проектор қосылған кезде, күй туралы ақпаратты тексеріңіз.

Art-Net дұрыс басқару мүмкін емес.

Тексеру	Шешім
Art-Net ішінде проекторды басқару кезінде қашықтан басқару пультін пайдаландыңыз ба?	Проекторды Art-Net көмегімен басқару кезінде қашықтан басқару пультін пайдалансаңыз, DMX контроллері немесе қолданбаның бағдарламалық жасақтамасы арқылы жасалған параметрлер проекторге қолданылмауы мүмкін. Проекторға барлық арнаны басқару элементтерін қолданғыңыз келгенде, 13-ші арнаны "Басқару мүмкін емес" күйіне орнатыңыз, содан кейін қайта "Басқаруға болады" күйіне орнатыңыз. ☛ «Art-Net» 162-б

Нөмірлерді тексеріңіз, содан кейін келесі шараларды қолданыңыз. Егер мәселені шеше алмасаңыз, желілік әкімшіге хабарласыңыз немесе жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімінде берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз.

☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*

Event ID	Себеп	Шешім
0432 0435	Желінің бағдарламалық жасақтамасын іске қосу орындалмады.	Проекторды қайта іске қосыңыз.
0434 0481 0482 0485	Желілік байланыс тұрақты емес.	Желілік байланыс күйін тексеріңіз және біраз күткеннен кейін қайта қосылыңыз.
0433	Тасымалданған кескіндерді ойнату мүмкін емес.	Желілік бағдарламалық жасақтаманы қайта іске қосыңыз.
0484	Компьютермен байланыс ажыратылды.	
0483 04FE	Желілік бағдарламалық жасақтамасының жұмысы күтпеген жерден тоқтады.	Желілік байланыстар күйін тексеріңіз. Проекторды қайта іске қосыңыз.
0479 04FF	Проекторды жүйелік қате орын алды.	Проекторды қайта іске қосыңыз.
0891	SSID идентификаторы бірдей кіру нүктесін табу мүмкін емес.	Компьютерді, кіру нүктесін және проекторды бірдей SSID идентификаторына орнатыңыз.
0892	WPA/WPA2 аутентификация түрі сәйкес емес.	Сымсыз жергілікті желінің қауіпсіздік параметрлері дұрыс екенін тексеріңіз. ☛ **Network** - **Wireless LAN** 111-б
0893	WEP/TKIP/AES шифрлау түрі сәйкес келмейді.	
0894	Байланыс ажыратылды, өйткені проектор рұқсат етілмеген кіру нүктесіне қосылған.	Қосымша ақпарат алу үшін желілік әкімшіге хабарласыңыз.
0898	DHCP алу қатесі.	DHCP сервері дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз. DHCP функциясын пайдаланбасаңыз, оны **Off** күйіне орнатыңыз. ☛ **Network** - **Wireless LAN** 111-б, **Wired LAN** 116-б
0899	Басқа байланыс қателері	Егер проекторды немесе желілік бағдарламалық жасақтаманы қайта іске қосу ақаулықты шешпесе, жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімінде берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз. ☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*
089A	EAP түпнұсқалық растамасының түрі бірдей емес.	Сымсыз жергілікті желінің қауіпсіздік параметрлері дұрыс екенін тексеріңіз. Сондай-ақ, сертификаттың дұрыс орнатылғандығын тексеріңіз. ☛ **Network** - **Wireless LAN** 111-б
089B	EAP серверінің түпнұсқалық растамасы сәтсіз болды.	

Event ID	Себеп	Шешім
089C	EAP клиентінің түпнұсқалық растамасы сәтсіз болды.	
089D	Кілттермен алмасу сәтсіз болды.	
0920	Сағат параметрлерін сақтайтын ішкі қуат көзі деңгейі төмен.	Жергілікті дилерге немесе Epson проекторының контактілер тізімі ішінде берілген ең жақын мекенжайға хабарласыңыз. ☛ *Epson проекторының контактілер тізімі*

Қызмет көрсету

Бұл тарауда проектордың ұзақ уақыт бойы ең жақсы өнімділік деңгейін қамтамасыз етуге арналған қызмет көрсету процедуралары туралы ақпарат берілген.

Лас болса немесе проекцияланған кескіндердің сапасы нашарлай бастаса проекторды тазалау керек.

Абай болыңыз

Тазалау кезінде, қуат ашасын розеткадан ажыратыңыз немесе автоматты ажыратқышты өшіріңіз. Әйтпесе ол ток соғуына әкелуі мүмкін.

Проектордың бетін тазалау

Жұмсақ шүберекпен сүртіп проектордың бетін тазалаңыз.

Егер проектор өте лас болса, бейтарап жуғыш заттың шағын мөлшерін қамтитын суға шүберекті малып, содан кейін проектордың бетін сүртпей тұрып шүберекті қатты сығып құрғатыңыз.

Назар аударыңыз

Проектордың бетін тазалау үшін балауыз, алкоголь немесе сұйылтқыш сияқты ұшқыр заттарды пайдаланбаңыз. Корпустың сапасы өзгеруі немесе түссізденуі мүмкін.

Проектордың бүйіріндегі саңылаудан шаңды кетіру үшін шаңсорғышпен тазалаңыз.

Объективті тазалау

Объективті жайлап сүрту үшін шыныны тазалауға арналған сатылатын шүберекті пайдаланыңыз.

Ескерту

Объективтен шаң мен түкті кетіру үшін тұтанғыш газды қамтитын спрейлерді пайдаланбаңыз. Проектор ішкі температураның көтерілуіне байланысты өртене бастауы мүмкін.

Назар аударыңыз

Объективті қатты материалдармен үйкемеңіз немесе объективке соққы әсерлерін болдырмаңыз, өйткені ол оңай зақымдалуы мүмкін.

Ауа кіргізу саңылауы және Ауа шығару саңылауын тазалау

Ауа кіретін саңылаудың және Ауа шығатын саңылаудың алдынан шаңды кетіру үшін шаңсорғышты пайдаланыңыз.



Color Uniformity

Егер проекцияланған кескінде біркелкі емес түстер ұнамаса, Color Uniformity арқылы реттеулер жасаңыз.

☛ «Біркелкі емес түстерді реттеу (Color Uniformity)» 68-б

Refresh Mode

